ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

# AIQYN

СЕЙСЕНБІ
№113 (3970)
3.08.2021

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti



## ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР МЕМЛЕКЕТ БАҚЫЛАУЫНДА

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Асқар Мамин мен «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Президентке Қазақстан халқының тұрмыс сапасын арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған маңызды инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді.

Ұсынылған жобалар Қазақстанның батыс өңірін сумен, аймақтарды газбен қамтамасыз ету, энергетика нысандарының, оның ішінде Алматы қаласындағы қуат торабының құрылысы, сондай-ақ еліміздегі көлік дәлізінің әлеуетін дамыту салаларындағы негізгі мәселелерді шешуді көздейді.

Кездесу қорытындысы бойынша аталған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысты тапсырмалар берілді.

## Қатаң карантин енгізіле ме?

**Тамыз айында елімізде бірқатар өзгеріс енді. Мәселен, барлық өңір «қызыл аймаққа» өтіп, «қою қызыл аймақ» пайда болды. Мегаполистерде демалыс күндері локдаун енгізілсе, індетпен күресіп жатқан дәрігерлердің үстемеақысы екі есеге қысқарды. 5 өңірде қатаң шектеу шаралары қабылданып, қызмет көрсету саласы жұмысшыларына вакцина алу міндеттелді. Жоғарыдағы өзгерістер қатаң карантин енгізілетінін білдіре ме?**

5 ▸▸




## Сәтсіздіктің себебі неде?

**Биыл Токиодағы XXXII жазғы Олимпиадада қай спорт түрін алсаңыз да, Қазақстан құрамасының оңбай ақсап жатқаны жасырын емес. Күн өткен сайын тертжылдықтың басты додасы аяқталуға таяп келеді. Ал ел қоржынына 3 қола медальдан басқа жүлде түсер емес. Бұл қазақ спортындағы мәселелердің тағы бір пысықтау қажет екенін көрсеткендей.**

6 ▸▸




## Биржада ойнақтап, от басты

**Үкімет акция саудалайтын қазақстандықтар санын арттырмақ ниетте. Осы орайда қаржылық сауаттандыру, халықтық IPO бағдарламасын жалғастыру көзделіп отыр. Бірақ биржада ойнауға халық дайын ба? Сауат ашу сабақтарында коучтер биржада бір мезетте бар салымнан айырылып қалуға болатынын әрі оны мемлекет те қайтармайтынын түсіндірмеуі ықтимал. Тіпті, құнды қағаздар сатып алған адамдардың өзі жыл сайын салық органына декларация тапсыруы, салық төлеуі керегін білмейді екен.**

5 ▸▸



## АРМЕНИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

**Мемлекет басшысы Армения Республикасының Премьер-Министрі Никол Пашинянға құттықтау жеделхатын жолдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашинянды Армения Республикасының Премьер-Министрі лауазымына тағайындалуымен құттықтады.

– Сізге артылған сенім – қоғамдағы тұрақтылықты, бірлік пен келісімді қамтамасыз етуге, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, Арменияның халықаралық аренадағы беделін нығайтуға бағытталған саясатыңыздың кең қолдау тапқанының айқын көрінісі, – делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашинянның аса жауапты мемлекеттік лауазымдағы қызметі Арменияның тұрақты дамуы мен ілгерілеуіне, сондай-ақ Қазақстанмен арадағы екіжақты және көпжақты қатынастарды кеңейтіп, тереңдетуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Арменияның Премьер-Министріне зор денсаулық пен мол табыс, достас армян халқына игіліктер мен өркендеу тіледі.

## МӘМС: тағы да былық шықты

**Жұрттың бойындағы «фобиялар», яғни үрей түрі тағы көбейді. Азаматтар, әсіресе пандемия кезінде «сақтандырылған» мәртебесінен айырылудан қорқады. Қынжылтатыны сол, шенеуніктер, медсақтандыру қорындағылар осы үрей отын үрлеп, ушықтыра түседі: жүйеде жиі-жиі ақау шығып, жарнасы төленген адамдардың өзін сан рет шығарып тастап тұрады. Енді, міне жүйедегі кезекті кінәрат кесірінен студент емес жастардың төлемі қабылданбай, кері қайтарылып жатыр.**



**САҚТАНДЫРЫЛМАҒАНДАР САНЫ МИЛЛИОНДАП АРТТЫ**

Жасыратыны жоқ, МӘМС жүйесі грек аңыздарындағы Авгийдің ат қорасын көзге елестетеді. Былығы көбеймесе, азаяр емес. 2020 жылғы қаңтарда Денсаулық сақтау министрлігі 2,2 миллионға жуық адамның, өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың МӘМС жүйесінен қалыс қалғанын хабарлады. Оларды сақтандырылғандар сапына қосу үшін 2019 жылдан бері Қазақстанда бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) енгізілді. Өзге де шаралар қабылданды. Мәселе толық болмағанымен, біршама шешілген болар? Жоқ. Қайта нашарлай түскенге ұқсайды.

2 ▸▸

## Мұңнан арылмаған МОНОҚАЛАЛАР

**Қазақстанда моноқалалар нарықтық қатынастардың нәтижесінде пайда болған жоқ. Мұндай елді мекендер кеңес заманында жоспарлы түрде қолдан ұйымдастырылды. Одақ құлағанда сонымен бірге жоспарлық экономика да құрдымға кетіп, моноқалаларды мемлекет қазынасынан қаржыландыру тоқтады.**

5 ▸▸



## Өксікпен өткен өмір

**Бұрын 25 жасқа дейінгі жастар арасында шекара асып, шетелге кетуге құлшыныс танытқандар көп болса, қазір өзге елден жұмыс іздеушілердің қатарында қырықтан асқан кісілердің үлесі де артып келеді. Олардың қатарында білім құғандарға қарағанда, қара жұмысқа жегіліп, тұрмысын жақсартуға кеткендер көп. Бірақ армандаған айлықтарын бермек түгілі, соқыр тиын ұстатпай, қыздарымызды күң, ұлдарымызды құл қылғандарын күнде естиміз. Өкінішке қарай, өткеннен сабақ алғандар аз.**

6 ▸▸



e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

# Вакцина құжатын сатқандар ұсталды




**ШҚО полицейлері жалған вакцинация паспортын сатудың қылмыстық схемасын анықтады. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.**

Шығыс Қазақстан облысының полицейлері Семейде жалған вакцинация паспортын сатып, қосымша қаражат таппақ болған екі медицина қызметкерін анықтады.

Қаланың медициналық-әлеуметтік мекемесінде жұмыс істейтін азаматтардың бірінің банктік шотына 15 мың теңгеден қаражат түсіп отырған. 10 мың теңге мөлшеріндегі ақшаның бір бөлігі жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерімен бірге жедел медициналық көмек орталығында істейтін танысына жолданып, ол кейіннен дерекқорға вакциналау рәсімінен өткені туралы жалған мәліметтер енгізіп келіпті.

Қазір мұндай заңсыз қызметтерді пайдаланған барлық азамат қылмыстық іс аясында анықталып, олардан жауап алынуда. Ұсталғандардың айтуынша, олар қаланың 30-дан астам тұрғынын жалған вакцина салған. Алайда бұл көрсеткіш әлдеқайда көп болуы мүмкін.

Медициналық базаға енгізілген барлық жалған мәлімет жарамсыз деп танылады.

– Медицина қызметкерлерінің құқыққа қарсы әрекеттері Қылмыстық кодекстің 385-бабы (Жалған құжаттарды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу) бойынша сараланып, төрт жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген. Полиция мұндай заңсыз фактілерге дереу жауап береді, өйткені олар халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді, – деп атап өтті ШҚО Полиция департаментінің бастығы Сағат Мадиев.

Дәл осы уақытта Өскемен қаласында полицейлер ПТР-тест ресімдеуге көмек көрсету туралы хабарлама жариялаған 34 жастағы ер адамды ұстады. Ол өз қызметін 15 мың теңгеге бағалаған. Алайда ұсынған қызметі үшін қалтасын «компита» алмады.

**Рая МІНАП**

# Полицейлер барлық тойхананы күзетеді



**Түркістан облысындағы 500-ден астам тойхананы полиция қызметкерлері күзететін болады. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев тәртіп сақшыларына осындай тапсырма берді.**

Түркістан облысында жыл басынан бері 600-ге жуық той тоқтатылған.

«Әр тойхананың алдына бір-бір полиция қызметкерін қою керек. Бұл да аурудың таралуына жол бермеудің тиімді тәсілі болатын шығар. Күрестің осы жолын да көру керек. Коронавирустың таралуына жол бермеу үшін жан-жақтан күрес күшейтілсін», – деді Өмірзақ Шөкеев.

Пандемия басталғалы коронавируспен ауырғандардың 30%-дан астамы қарым-қатынас арқылы жұқтырған, 60%-ға жуығы ЖРВИ/пневмония диагнозымен және стационарларға жоспарлы/шұғыл жатқызылғандар екен. Сонымен бірге олардың қатарында мемлекеттік шекарадан өткендер және ірі кәсіпорын жұмысшылары, вахташылар бар.

Жыл басынан бері облыста жасақталған 127 мобильді топ 190 мыңнан астам нысанды тексерді. 3,5 мыңға жуық хаттама толтырылып, айыппұл салған.

**М. ҚАЙРАТҚЫЗЫ**

# Қарағанды жолдарында апат көп



**Қарағанды облысы прокуратурасының мәліметтеріне қарағанда, соңғы бір жарым жылда өңірдегі жолдарда 200-ден астам адам көз жұмған. Ал жараланғандар саны 800-ден асады.**

Прокуратура жол апаттарының негізгі себебі жүргізушілердің жол қозғалысы ережелерін саналы түрде елемеуі екенін алға тартады. Өліммен аяқталған әрбір екінші жол апаты жылдамдықтың артуына байланысты болған. «Алматы – Екатеринбург» және «Қызылорда – Павлодар» республикалық жолдарында 44 адам қаза тапқан.

Облыстағы жол-көлік оқиғаларының 50%-ы немесе 554 апат бейнебақылау камерасы жоқ немесе бүлінген, сондай-ақ жол белгілері орнатылмаған елді мекендерде тіркеледі. Ал Теміртау, Жезқазған қалаларында бейнетіркеу жүйелері мүлдем жұмыс істемейді екен.

**А.СҰЛТАН**

# Ақаев Отанына оралды

**Қырғыз Республикасының бұрынғы президенті Асқар Ақаев Бішкекке жеткізілді. Бұл туралы Қырғыз Республикасы Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің (ҰҚМК) баспасөз қызметі мәлім етті. Алайда бірқатар ақпарат құралдары экс-президенттің Бішкекке өз еркімен келгенін жазып жатыр.**



Елдің бұрынғы президенті Асқар Ақаевқа «Құмтөр» жобасын іске асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша іздеу жарияланған болатын. А.Ақаев жоғары лауазымды өзге шенеуніктермен қатар 1992 жылы «Құмтөр» жобасы бойынша Бас келісім жасау, 1994 жылы оған өзгерістер енгізу, сондай-ақ 2003 жылы «Камеко» компаниясымен Бас келісімді қайта құрылымдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша қылмыстық жауапқа тартылды.

«Сонымен қатар Қырғыз Республикасының ҰҚМК-мен бірлескен тергеу барысында А.Ақаевты республика аумағына жеткізу жолымен оны қылмыстық жауаптылыққа тарту бөлігінде тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған белсенді жұмыс жүргізілді. Осылай ҰҚМК қабылдаған шаралар нәтижесінде 2021 жылғы 2 тамызда бұрынғы президент Асқар Ақаев Бішкек қаласына жеткізіліп, кейін дереу Ведомствоаралық тергеу тобына берілді. А.Ақаев ҰҚМК ғимаратында. Онда оның қатысуымен «Құмтөр» кен орны бойынша қылмыстық іс шеңберінде қажетті тергеу әрекеттері жүргізіледі. Жүргізілген тергеу әрекеттерінің нәтижесі және ол бойынша, оның ішінде А.Ақаевқа қатысты қабылданған процессуалдық шешімдер туралы ҰҚМК жұртшылықты қосымша хабардар ететін болады» делінген «Кабар» ақпаратында.

Еске сала кетейік, 2005 жылдың наурыз айындағы төңкерістен кейін А.Ақаев Ресейге қашып кеткен болатын және осы күнге дейін сонда болды.

**Рая МІНАП**

# МӘМС: тағы да былық шықты

**Жұрттың бойындағы «фобиялар», яғни үрей түрі тағы көбейді. Азаматтар, әсіресе пандемия кезінде «сақтандырылған» мәртебесінен айырылудан қорқады. Қынжылтатыны сол, шенеуніктер, медсақтандыру қорындағылар осы үрей отын үрлеп, ушықтыра түседі: жүйеде жиі-жиі ақау шығып, жарнасы төленген адамдардың өзін сан рет шығарып тастап тұрады. Енді, міне жүйедегі кезекті кінәрат кесірінен жастардың емес жастардың төлемі қабылданбай, кері қайтарылып жатыр.**

Айхан ШӘРІП

### САҚТАНДЫРЫЛМАҒАНДАР САНЫ МИЛЛИОНДАП АРТТЫ

Жасыратыны жоқ, МӘМС жүйесі грек аңыздарындағы Авгийдің ат қорасын көзге елестетеді. Былығы көбеймесе, азаяр емес. 2020 жылғы қаңтарда Денсаулық сақтау министрлігі 2,2 миллионға жуық адамның, өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың МӘМС жүйесінен қалыс қалғанын хабарлады. Оларды сақтандырылғандар сапына қосу үшін 2019 жылдан бері Қазақстанда бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) енгізілді. Өзге де шаралар қабылданды. Мәселе толық болмағанымен, біршама шешілген болар? Жоқ. Қайта нашарлай түскенге ұқсайды.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының дерегінше, қазір елде 15,9 миллион адам сақтандырылған. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстан азаматтарының саны бүгінде 18 млн 984,8 мың адамға жетті. Яғни, медсақтандыру жүйесінен тыс қалғандар саны 3 миллионнан асты. Бұл санды қордағылар жоққа шығармайды.

Айтпақшы, осы қордың Saqtandyrý ақпараттық жүйесінің санағына жүгінсек, жүйеге ілікпей қалған қазақстандықтар саны 4,2 миллион адамды құрайды екен. Сорақысы сол, ӘМСҚ өз дерегін өзі «фейк» деп жариялады. Себебі оның ақпараттық жүйесінде (АЖ) «сақтандырылмаған халық саны дұрыс қалыптастырылмайды». Мысалы, онда Қазақстан азаматтығынан бас тартып, өзге елдерге көшіп кеткен, сонымен бірге о дүниелік болған азаматтар есепте тұрған көрінеді. Қордың түсіндіруінше, «Ақпараттық жүйеде азаматтардың мәліметтерін өзге мемлекеттік дерекқорлармен салыстырып, өзектілендіру тетігі жоқ». Осылайша, 2019 жылдан бері қолданылатын, әзірлеп, іске қосуына, ұстап тұруға және насихаттауға қыруар ел қаржысы шығындалған Saqtandyrý шикі болып шықты.

Бұл мәселе таяуда МӘМС енгізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында жеке қаралыпты. Денсаулық сақтау министрлігіне «Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығымен» және Әділет министрлігімен бірлесіп, азаматтардың мәртебесін «Бекітілген халық тіркелімі» және «Жеке тұлға» мемлекеттік деректер қорындағы қайтыс болғандар және тұрақты тұруға шетелге кеткендер дерегімен салыстырып, өзектілендіріп шығу жүктелді. ДСМ бұл процесті автоматтандыру тетігін пысықтап, АЖ-да өмірден өткендер, шетелге кеткендер бойынша сүзгі-фильтр орнатуы тиіс.



Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТОВ (коллаж)

### ЖҮЙЕДЕ «ФУТБОЛ» БАСТАЛДЫ

Осы жүйеде оң статусынан айырылғандар саны алда күрт артатын сыңайлы. Кейінгі кезде мыңдаған адамның қорға аударылған жарнасы қабылданбай, кері қайтарылып жатыр. Бұл елдің алаңдаушылығын тудырып, кәдімгідей дүрбелең туғызды.

«Екі айдан бері МӘМС жарнасын төлей алмай жатырмыз. Жүйе қызметкерлеріміздің студент екенін көрсете береді. Бірақ олар кем дегенде 2 және одан көп жыл бұрын бітірген. Бұған дейінгі айларда жарна дер кезінде қабылданатын. Қорға хабарлассақ, студенттерге қатысты базаға қатысты ақау туындағанын, енді барлығы қалпына келтірілгенін мәлімдеді. Оның мамандары жарнаны қайтара аударуға кеңес берді. Әйтсе де, өзгерген ештеңе де жоқ, төлемдер қайта-қайта кері қайтарылып жатыр. Соның кесірінен салық декларациясын тапсыра алмай отырмыз, яғни уақытылы төленбеген төлемдер және берешек пайда болады», – дейді кәсіпкер А.Айтқалиева.

Кәсіпкерлер әр қызметкерге жарнаны бірнеше рет аударып, банктерді «байытты»: олар төленген комиссияны қайтармайды. Бухгалтер-есепшілер де басы артық жұмыс, қосымша жүктеме мен стрестен естен тана жаздап жүрген көрінеді. Бизнесмендерді берешегі бар, төлемдері төленбеген декларация тапсырылғаннан кейін салықшылардың айыппұлдар мен өсімпұлдар есептеп, жазалайтыны мазалайды.

«Әлдекімнің қателігі үшін неге біз қиналуымыз керек? Қосымша шығынымызды кім өтейді? Неге меморгандар мен квазимемлекеттік сектор базаларындағы қателіктер үшін салық төлеушілер жазаланады?» – дейді Анар Айтқалиева.

Алматылық «Мебельные фурнитурные технологии» компаниясының басшысы Артем Курченко да осындай мәселе барын растады.

«Қызметкеріміз үшін биылғы маусым айына аударылған МӘМС жарнасы қабылданбады. Қайтару себебі ретінде азаматтың ЖОО-да оқитыны көрсетілген. «Бәлкім, оқуға түскен болар» деп көрсетілген университетке қоңырау шалсақ, ондағылар қызметкеріміздің сонда оқығанын, бірақ 2018 жылы тастап кеткенін хабарлады. Бұл мәлімет базада тосыннан қалай шыға келгені белгісіз. Университеттегілер бұл былыққа қатысы жоғын, ол адамға қатысты мәліметті өзектілендірмегенін айтып, БҒМ-ге телефон соғуға кеңес берді. Өз кезегінде Білім министрлігіндегілер ӘМСҚ-қа сілтеді. 1414 және 1406 бірыңғай байланыс орталықтарына да жүгіндік, жауап таба алмады», – дейді А.Курченко.

Әлгі қызметкеріне бұған дейін жарналар қалыпты төленіп тұрған, алайда жүйеде болған әлдебір ақау кесірінен ол адам аяқастынан студент болып шыға келген. «Маңызды салада осындай «фокустарға» қалай жол берген? Биліктегілер бір-біріне сілтейді, ешқайсысы жауаптымын, шешіп беремін демейді. Жұрт тұйыққа тірелді», – дейді бизнесмен.

### МҰНДАЙ ҚИЫНДЫҚҚА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ДА КЕЗІГІПТІ

«Бірнеше қызметкерімізге қатысты МӘМС жарналары кері қайтып келді. Себебі ретінде «тұтынушы оқитын тұлға болып есептеледі» делінген. Маусым айы үшін төлемді 3 шілдеде төлегенбіз, 15 шілдеде қайта аудардық. Тағы да кері оралды. Күні бүгінге дейін төлемдер еш кедергісіз өтетін. Жарналары төленбей жатқан қызметкерлеріміз «Болашақ» бағдарламасының түлектері. Бірақ 2020 жылы бітіріп келгендер. Оқуын баяғыда аяқтағанын және қазір ешқандай ЖОО-да студент емесін айғақтайтын анықтаманы eGov-тан алып, бізге ұсынды. Қордың 1406 байланыс орталығына қоңырау шалдық, олар БҒМ-ге, БҒМ – ЖОО-ларға, оқу орындары ӘМСҚ-ке бағыттайды. Бұл сергелдеңнің соңы көрінбейді», – дейді орталық меморгандардың бірінің басшысы Бақтияр Баспақов.

Келтіре берсе, мұндай деректер көп.

### АҚАУ ЕМЕС, ЖАҢАШЫЛДЫҚ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басқарма төрағасы Болат Төкежановтың айтуынша, бұл жерде қордың айыбы жоқ. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заң бойынша орта мектеп оқушылары, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ ЖОО-дан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқандар – студенттер, магистранттар, докторанттар үшін сақтандыру жарналарын мемлекет төлейді. «Жұмыс берушілер бұл азаматтарды жұмысқа алса, онда МӘМС төлемдерін төлеуден босатылады», – деді қор басшысы.

Алайда жұмыс берушілер сауатсыз емес: олар онсыз да бос уақытында өзіне қызмет етіп, табыс тауып жүрген студенттерге жарна аудармайды. Бұл жерде оқуды баяғыда бітіріп не тастап кеткендер, сондай-ақ қашықтан (ескіше – сырттай) және МВА-де оқитындар үшін аударылған жарналардың қайтарылуы мәселеге айналды. «Мейлі, онда мемлекет төлесін!» деп қуануына тағы болмайды. Ертең ол жастардың шын мәнінде студент емесі әшкереленген соң, біріншіден олар сақтандырылған мәртебесінен айырылады, екіншіден ондаған, тіпті жүздеген мың теңге берешегі қалыптасуы мүмкін. Үшіншіден, жұмыс беруші айыппұл, өсімпұлмен жазаланады, әкімшілік іс ашылуы ықтимал.

Бұған жауап ретінде қор басшысы сақтандырылатын студенттердің тізімін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесінің деректері негізінде «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы қалыптастыратынын айтты.

«Өз кезегінде Еңбек министрлігі оқитын жастарға қатысты ол деректерді БҒМ-ның ақпараттық жүйесінен алады. Ал мемкорпорация сол тізімді ақырында біздің қорға тапсырады. ӘМСҚ осы тізім негізінде азаматтарға МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін тағайындайды. Біздің қор бірде-бір азаматтың әлеуметтік мәртебесін өз бетінше анықтамайды және БҒМ-ның студенттер бойынша ақпараттық жүйесіне түзету енгізуге құқығы да жоқ! Сондықтан жұмыс берушілер оқымайтын жұмыскерінің деректерін ақпараттық жүйеден және күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан студенттердің тізімінен алып тастату үшін Білім және ғылым министрлігінің Білім беруді цифрлық трансформациялау департаментіне жүгінуі керек», – деді Болат Төкежанов.

Ол жұрттың ақау деп жүргені шынында жүйеге енгізілген технологиялық жаңашылдық болғанын жеткізді. 2021 жылғы 1 шілдеде Еңбек министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ «Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде «Студент» санаты бойынша МӘМС төлемдерін қабылдауға форматты-логикалық бақылау дегенді енгізеді. Осыған байланысты жүйе студент мәртебесіне ие адамдар үшін төленген сақтандыру жарнасын автоматты түрде төлеушіге кері қайтаруға кіріседі.

Бұрын егер жұмыс беруші өз жұмыскері үшін жаңылыс жарна аударып қойса, ол ақшаны қайтару үшін өтініш жазатын. Енді қайтару автоматты түрде жүзеге асырылады. Салдарынан, мәселен декреттік демалыстан шыққан қазақстандықтар қиындыққа кезікті: олар үшін жұмыс беруші аударған жарналар да өтпейді. Мұндай қайтарулар жаппай сипат алған, жұмыс берушілерді дүрліктірген. Нәтижесінде, 14 шілдеде форматты-логикалық бақылау жойылыпты. Сондықтан жұмыс берушілерге декреттік демалысын үзіп, жұмысқа шыққан қызметкерлері үшін МӘМС жарнасын қайтадан аударуға тура келмек. Сонда ғана өмірге сәби әкелген аналар сақтандырылған мәртебесін сақтап қала алады.

Ал студенттер тізіміндегі ағаттықтан ығыр болып, ашынған жұмыс берушілердің бәрі министр Асхат Аймағамбетовке жіберіліп жатыр. Жалпы, осы жүйеде делдалдардың көптігі қайран қалдырады. Соның кесірінен медсақтандыру мәртебесін тағайындайтын қор БҒМ-мен тікелей ынтымақтаспайды. МӘМС жүйесі бір жүйеге келгенше, қаншама адамның жүйкесін жұқартып, қанын қарайтатын түрі бар.

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

# Жолдардың мәселесі шешілмек

**Жолдардың жағдайы халықты үнемі алаңдатады. Мәселен, биыл «Nur Otan» партиясының қолдауымен халықтың өтініштері мен шағымдары ең көп түскен жолдарға күрделі жөндеу жүргізу қолға алынбақ. Бұл туралы партияның Ақмола облыстық филиалының саяси бюро отырысында айтылды.**



Атап айтқанда, «Бабатай-Волгодоновка-Береке-Бұлақсай» 0-15 шақырым автомобиль жолдарына; «Қабанбай батыр-Жалғызқұдық-Оразақ» бағытындағы 2 шақырым автомобиль көпіріне, «Жолымбет-Шортанды-Пригородное» бағытындағы 29 шақырым автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жүргізу және «Новый Колутон-Акқөл-Азат-Минское» бағытындағы Азат-Минск 172-220 шақырымдық бөлігін, Қорғалжын ауылына кіреберіс жол 0-7 шақырым, «Петровка-Улан-Маринов-ка» бағытындағы 55-108 шақырым автомобиль жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Жалпы, биыл Ақмола облысы бойынша автомобиль жолдарын жөндеу бағытында 232 жоба қолға алынып отыр. Нәтижесінде, облыстық, аудандық маңыздағы және елді мекендердегі көше жолдарының 800 шақырымы жөнделеден өтеді. Бұл жолдардың сапасын 82% жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жеткізуге мүмкіндік береді. Яғни, жоспар орындалса, партияның Жол картасында белгіленген межеге қол жеткізіледі.

Биыл жергілікті маңыздағы жолдарды жөндеуге 38 млрд теңге қарастырылса, қосымша 12,2 млрд теңге бөлінді. Сала мамандарының айтуынша, жұмыс өз деңгейінде жүргізіліп жатыр. Халық қалаулылары жолдарды жөндеу кезінде елді мекендерге кіреберістегі және көшелердегі ақпараттық жол белгілерін орнату бойынша халықтың өтінішін жеткізді.

Сондай-ақ жиында 4 инвестициялық жобаның мерзімінде аяқталмау қаупінің себептері мен оны жою бағытында атқарылып жатқан шаралар талқыланды. Мәселен, Ерейментау ауданындағы қуаттылығы 50 МВт жел электростансасының құрылысын аяқтау кейінге шегерілуде. Себебі эпидемиологиялық жағдайға байланысты шетелден әкелінетін қондырғыларды жеткізуде қиындықтар туындаған. Алайда бұл жобаны орындаушыларды жауапкершіліктен босатпайды. Сондықтан бұл мәселе алдағы жиналыстарда бүгеге-шігесіне дейін қаралып, талқылатын болды.

# Эпидемиологиялық ахуал қоғамдық бақылауда



**Zoom платформасы арқылы «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес отырысы өтті.**

Жиынға «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ж.Бектаева, «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының орынбасары, қалалық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы фракциясының жетекшісі Б.Төлегенов, Шымкент қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары С.Абдуллаев, Шымкент қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары А.Ахметов және тағы басқалары қатысты.

Отырыс барысында 2021 жылдың басынан бері карантин талаптарына бағынбай, түрлі отбасылық жиындарды жасырын ұйымдастырған тойхана, ірі кафелер мен ойын-сауық орталықтарының иелеріне қолданылған шара туралы тиісті мекеме басшыларының есебі тыңдалды. Сонымен қатар қоғамдық орындарда әлеуметтік арақашықтықтың сақталуын қамтамасыз ету, барлық нысандардың Ashyq қосымшасына тіркелуі және басқа да карантин талаптарының сақталуын жолға қою мәселелері баяндалды.

Жиында Шымкент қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің өкілі карантин талаптарына қарамастан жасырын той өткізу тоқтамай тұрғанын алға тартты. Мысалы, осы жылдың алты айында тыйым салынған отбасылық жиын ұйымдастырған 210 тойхана мен ірі кафе 11 620 065 теңге, 88 ойынсауық орнына 3 886 450 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Мәжілісті қорытындылау кезінде Шымкент қалалық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы Тасқынбай Бүрлібаев қала тұрғындарын той-томалақ өткізбеуге шақырды.

– Пандемияға дәрігерлер, полицейлер ғана емес, тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Осы орайда аудан әкімдіктері жанынан құрылған мобильді топ құрамына Шымкент қалалық және аудандық партия филиалдары жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелерін енгізу туралы ұсынысты қарастырған жөн, – деді ол.

Айта кетейік, қазір қалада санитарлық-эпидемиологиялық талаптың сақталуына мониторинг жүргізетін 40 мобильді топ бар. Мобильді топтар Шымкент қалалық Полиция департаментімен бірге жыл басынан бері ӘҚБтК-нің 425-бабы бойынша барлығы 2 046 бұзушылық анықтаған.

**Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН**

11 жылдан астам уақыт «Nur Otan» партиясының құрылымдарында қызмет атқарған

**Владимир Владимирович Тельновтың**

қайтыс болуына байланысты партияның Орталық аппараты мен Қоғамдық саясат институтының ұжымдары оның туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

# Нысан құрылысы биыл аяқталады

**Алматы қаласындағы Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесі қиылысындағы көлікайырығының құрылысын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланды. Бұл туралы қалалық Мобильдік басқарма басшысының орынбасары Ернұр Абжахан «Nur Otan» партиясы жанындағы Өңірлік даму қоғамдық кеңесінің отырысында жасаған баяндамасында айтты.**

Ол аталған көлік айрықтары құрылысындағы негізгі мәселе – жекеменшік жерлерді сатып алу екенін тілге тиек етті. Қазір қалалық Жер қатынастары басқармасымен бірге отырып жерлерді сатып алу шаралары қарқынды жүргізіліп жатқанын және аталмыш жұмыстар оң шешіліп жатқан жағдайда көлік айрығының құрылысы жыл соңына дейін аяқталатынын атап өтті.

Өз кезегінде Президенттің ерекше аймақтарда құрылыс жұмыстарын тоқтату тапсырмасына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі және басқарма тарапынан бірнеше іс-шара орындалды. Алматы қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджановтың айтуынша, Қазақстан аумағындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық талаптарды ескере отырып, ерекше аймақтардағы құрылыстарды тоқтатуға мүмкіндік беретін жаңа ереже дайындалды.

Бұдан бөлек, мегаполистің резонанстық сұрақтары өңірлік даму кеңесінің бақылауынан тыс қалмады. Бұл ретте, резонанстық сұраққа айналған Самал-2 ықшамауданындағы үй құрылысы жерінің жекеменшік иелері тарапынан әлі күнге дейін ешқандай жобалық құжаттары және құрылысқа рұқсат алуды әлі де алмағаны белгілі болды. Аталған мәселені шешу мақсатында жергілікті тұрғындармен түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Отырыс барысында Кеңес мүшелері тарапынан Жол картасы тармақтарының орындалуын қатаң бақылауға алу керегін және келесі жылдары құрылыс жұмыстары аяқталатын нысандарға бақылау жасап, орындалмау қаупі туындаған жағдайда алдын ала ұсыныс беру керек екенін ескертті. Сонымен қатар мердігерлік мекемелердің отандық тауар өнімдерін қолдануын бақылауға алу бойынша ұсыным жасалды.

# Тыныс алу аппаратын сыйлады



**Түркістан облысында «Nur Otan» партиясы атынан сайланған депутаттар әлі де пандемиямен күресте алдыңғы қатарда болып, BizBirgemiz акциясы аясында көмек көрсетіп жатыр.**

Қайырымдылық шараларына ұдайы үлес қосып, қаншама жандарға көмек көрсетіп, ел алғысын арқалап жүрген Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Динара Егембердиева жеке өзінің есебінен жасанды тыныс алу аппараты мен 10 дана кислород баллон жабдығын сатып алып, оны Сайрам аудандық ауруханасына табыстады. Осынау қиын мезетте «Nur Otan» партиясының өкілдері мен облыстық мәслихат депутаты қамқорлық танытып, халықпен бірге екенін білдірді.

Іс-шараға Сайрам аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Алмас Әбдрахманұлы мен Сайрам аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасарлары Төлеген Жолдасұлы және Нұрали Рахматалиұлы қатысты.

Халық қалаулысы Динара Егембердиева бекітілген тағы бір тыныс алу құрылғысы мен дәрідәрмек қорапшасына тапсырыс беріп, тұрғындарға қолдау көрсетпек ниетте екенін жеткізді.

– Барша науқастарға қажетті аппаратты сыйға тарту ізгі амал, жүздеген азаматтың өмірін арашалап қалуда себепші болары айтпаса да белгілі, – деді аудандық орталық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Нұрали Ирсалиев.

Мұндай игі іс Түркістан облысы Арыс қаласында да жалғасын тапты. Өттегі таппшылығын болдырмау және алдын алу мақсатында «Nur Otan» партиясы Арыс қалалық мәслихаттағы фракция мүшесі Қалдыхан Өтегенов Арыс қалалық орталық ауруханасын 40 өттегі баллонымен қамтамасыз етті.

## Ауыл әкімдері сайлауы-2021

# Әкімдікке әркімнің бар таласы

**Сонымен, он күнге созылған ауыл әкімдерін сайлау аяқталып келеді. Нақты айтсақ, электоралды науқанның алғашқы кезеңі өтті. Тіркелген сайлаушылардың дені өз таңдауын жасады. Тіпті, соңғы енгізілген өзгерістер бойынша ұсынылған үміткерлерге қарсы болғандар да бар. Оны олар бюллетеньде белгілеп көрсетті. Реформалық сипатқа тән демократиялық қадамның қорытындылары қандай болды? Бір шолып көрелік.**

Нұрлан ҚОСАЙ

### АУЫЛДЫҚТАР КҮТКЕН САЙЛАУ

Алғаш рет ұйымдастырылған саяси додада 14 облыста 730 ауылдың әкімі сайланып жатыр. Олардың арасында «Болашақ» бағдарламасының түлегі де, мемлекеттік қызметшілер де, коммерциялық саладан келгендер де, тіпті әйелдер де бар. Ең үлкен әкім 62 жаста – зейнет жасына таяған болса, ең жас әкім тәуелсіздікпен түйдей құрдас. Осы сайлауға түсіп жатқан ауылдың бұрынғы әкімдері де бар. Жергілікті сайлау комиссиялары халықтың дауыс беруіне арнап 1 847 сайлау учаскесін жасақтаған екен. Енді заң бойынша сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытынды шығарып, жеті күн ішінде сайланған әкімді тіркеу жүзеге асырылады. Осылайша, электоралды үрдіс он күннің ішінде бітуі тиіс. Сонымен, 730 сайлау округінен 2 582 кандидат ұсынылған болса, соның 2 297-і тіркеуден өткен. Яғни, орташа санақпен айтқанда бір орынға үш адамнан келді деген сөз. Кандидаттардың жартысынан астамы – өз-өзін ұсынушылар. Сайлау заңнамасындағы жаңашылдықты осылайша 1 419 адам пайдаланған. Сондай-ақ 878 үміткер 6 саяси партия атынан шыққан. Әкім болсам дегендердің 1 839-ы – ер адам, 458-і – әйел үміткерлер. Жалпы алғанда, бұл кезең пилоттық жоба ретінде қарастырылған болатын. Әйтсе де, оның нәтижесі жаман емес. Кандидаттардың белсенділігі де, халықтың қатысуы да күткен үдеден шықты. Тіпті, ұзақ жылдардан бері айтылып жүрген бұл өзгерістерді ауылдықтардың күткені аңғарылады. Олардың сайлауға атсалысу белсенділігі 67% бен 91% аралығын құрады. Ең жоғары қатысу деңгейі Шығыс Қазақстан (90,9%) және Жамбыл (90,7%) облыстарында байқалды. Аутсайдер – Алматы облысы (66,5%).

### ӘР ӨҢІР ӨЗІНШЕ ЕРЕКШЕ

Сонымен, біркатар өңірдегі сайлау науқаны қалай өткеніне тоқтала кетер болсақ, бірінші кезекте тұрғындары белсенді болған қос өңірді атай кеткен жөн болар. Шығыс Қазақстан облысында 221 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Ауыл әкіміне 232 кандидат тіркелсе, соның 147-сі – өз-өзін ұсынған азаматтар. Саяси науқандағы сайлаушылардың белсенділігі жоғары болғаны сондай, түс ауа жатып ауылдықтардың 50%-ы дауыс беріп үлгерді. Солардың бірі –Ұлан ауданы Алғабас ауылының тұрғыны Геннадий Ячко ел басқару мәселесіне жаңаша көзқараспен қарау қуантатынын айтады. Өзі «Nur Otan» партиясының атынан түскен кандидатқа дауыс берген.



«Жаңа келген әкім ауылдың басты проблемасын шешеді деп ойлаймын. Ол – жол, өндіріс, жұмыс орны және жарықтандыру проблемалары. Кішкене жастарға қолдау болса, спорттық үйірмелер ашылса. Бұл сайлау аймақтың дамуына серпін береді деген үміттеміз. Өйткені елі сайлаған әкім әлеумет алдындағы жауапкершілікті сезініп, тұған жердің қажеттілігіне көңіл аудару тиіс», – дейді ол.

Сонымен бірге сайлау қорытындысында барлық 77 ауылдың әкімі анықталып, бүгінде өз жұмысына кірісіп те кетті. Олардың ең жасы Дархан Төлеуханов – 29 жаста. Ол Ұлан ауданындағы Айыртау ауылының әкімі болып тағайындалды. Ең жасы үлкен әкім Советкан Калиев – 61 жаста. Ол Үржар ауданы Мақаншы ауылының әкімі болып сайланды. Бір айта кететіні, 77 жаңа әкімнің 8-і әйел адам. Білімі бойынша 23 педагог, 16 заңгер, 15 ауыл шаруашылығы қызметкері, 9 экономист, 8 инженер және 6 өзге мамандық иелері ауыл халқына қызмет ететін болады.

Жамбыл облысында сайлауға 122 кандидат ұсынылып, 111 үміткер қатысты. Олар 38 ауылдық округтің әкімі болуға таласты. Үміткерлердің 67 пайызы – саяси партиялардан, қалғаны – өз-өзін ұсынған азаматтар. 20 пайызы – әйелдер. Ал облыстағы барлық сайлау учаскесінде тізімге алынған сайлаушылар саны – 104 302 адам. Осы ауыл тұрғындарының 90,7%-ы сайлауға қатысты. Дауыс беру қорытындысында 38 ауылдың 63,2%-ында жаңа әкім сайланды. Оның үшеуі – әйел. Солардың бірі Жуалы ауданы Қарасаз ауылдық округіне сайланған Жанар Нұрмұратқызы бұған дейін аталған елді мекендегі әкімдіктің іс-жүргізу және есеп бөлімінің басшысы болып жұмыс істеген екен.

Солтүстік Қазақстан облысында 214 үміткерден 71 әкім сайланды. Олардың арасында «Болашақ» бағдарламасының түлегі ауылын түлетуге ниет білдірген екен. Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Тілеген Қаскиннің айтуынша, сайланған 71 әкімнің 57-і немесе 80,2%-ы – мемлекеттік қызметшілер. Олардың ішінде 42 ауылдық округте бұрынғы әкімдері қайтадан сайланған.

Ал Қарағанды облысында тұрғындардың таңдауымен 17 әкім бұрынғы қызметін жалғастыра беретін болды. Саяси дода 75 ауыл әкімі өтті. Тіркелген сайлаушылардың 75,8%-ы дауыс беріп, өз әкімін таңдады. «Сайлау туралы» заңдағы жаңашылдық – «барлығына қарсы» графасын пайдаланғандардың қарасы Қарағанды облысында көп болды. Мұнда 116 адам кандидаттардың қай-қайсысына да дауыс беруден бас тартқан. Соның ішінде Ақтоғай ауданы Шашубай кентінде ол 7%-ды құрады.

Көкше өңірінде женіске жеткен 95 үміткердің 81-і саяси партия өкілі болса, 14 әкім өз-өзін ұсынғандар. Осы ретте әкімдердің 74-і – «Nur Otan» партиясынан, үшеуі – «Ақ жолдан», «Адал» және «Ауыл» партиясынан бір-бір адамнан. 50 жаңа әкім – олар өз орнында қала алған бұрынғы әкімдер. 95 ауылдың 11-інде тек өз-өзін ұсынған кандидат бақ сынады. Жалпы, аймақта сайлаушылардың басым дауысына ие болған кандидаттардың 15-і – әйел.

Батыс Қазақстан облысында 93 кандидаттың 40-ы – саяси партиядан, 53-і – өз-өзін ұсынғандар. Орташа алғанда бір орынға 3 адамнан таласты. Облыстық сайлау комиссиясының басшысы Ғайса Қапақовтың айтуынша, тізімдегі 37 720 адамның 31 478-і, яғни 81,4%-ы өз таңдауын жасаған. Облыста жалпы саны 150 ауыл болса, оның 31-іне ғана әкім сайланған. Ендеше алда әлі 120 ауылдың әкіміне сайлау өтетін болады.

«Барлығына қарсы дауыс» графасын 133 адам пайдаланды. Оның ең көбі Жаңақала ауданы Жаңақазан ауылдық округінде тіркелді. Сайлауды жарамсыз деп тануға немесе қайтадан өткізуге негіз байқалған жоқ», – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы. Дауыс беру 9 аудан бойынша жүрді. Сайланған әкімдердің 23-і – мемлекеттік қызметкер. Лауазымды тұлғалардың арасында бір әйел бар. Ол Қаратөбе ауданы Қарақамыс ауылдық округінің тізгінін ұстайды.

Аутсайдер Алматы облысының 221 мыңнан астам сайлаушының тек 150 мыңдайы өз таңдауын жасаған. Жетісуда тұрғындар таңдауына ие болған ең үлкен үміткер – 62 жаста. Ол алдағы уақытта Еңбекшіқазақ ауданындағы Балтабай ауылдық округін басқаратын болады. Ал жалпы облыс бойынша 16 аудан мен 1 қалада 71 ауылдық округтің әкімі сайланды.

Сонымен, бұл сайлау – электоралдың науқанның бірінші кезені. Онда 730 әкім сайланған болса, жылдың екінші жартысында екінші кезең бастау алып, өкілеттік мерзімі аяқталған 800 ауыл әкімінің сайлауы өтпек. Әкімнің бәрін халықтың өзі таңдайтын болады. Ауыл әкімін сайлау Қазақстан ғана емес, Орталық Азия тарихындағы елеулі оқиға. Саясаттанушылар мұны демократиялық қадам деп таныып отыр. Ендігі кезекте туған ауылының тұрмысы мен тынысын бір адамдай білетін мемлекеттік биліктің жаңа өкілдеріне саяси модернизацияға үн қосып, ауылды гүлдендірсем деген ізгі ниеті мен мүмкіндігі үйлесім тапса болғаны.




# 2008 жыл: жаһандық дағдарыстың жаңғырығы



**Қазақстан әлемдік қауымдастыққа кіріге түсіп, жаһандық экономикаға ықпалдастық танытқаны – Тәуелсіздіктің арқасы. 2008 жыл осы интеграциялық сабақтастық әбден пісіп-жетілген кезең еді. Сол себепті де ең бірінші кезекте бұл жыл Қазақстан үшін жаһандық қаржы дағдарысымен есте қалды. Әрине, бұл тоқыраудың толқынын бүкіл әлем сезінген болатын. Әйтсе де, одан да өзге маңызды оқиғалардан еліміз кенже қалған жоқ.**

Нұрлан ҚОСАЙ

### ҚАЖЫРДЫ БІР УЫСҚА ЖИНАҒАН ЖЫЛ

Осы жылы қатты сезілген жаһандық қаржы дағдарысы 2007 жылы мұхиттың арғы бетіндегі алып экономика АҚШ-тан басталғаны баршаға аян. Ол 2008 жылы әлемдік мәселеге айналып кетті. Қаржылық-кредиттік құлдыраудың арты азық-түлік тапшылығына ұласты. Мұнай бағасы бірде түсіп, бірде өсіп, ойнақшып тұрды. Осылайша, дағдарыс толқыны әлем елдерін бір сілкіп алған. Бұл бір жағы әр экономиканың қанша берік екенін тексеріп көрудегі сын болды. Олардың ішінде тәуелсіздік алғанына 17 жыл ғана толған жас ел – Қазақстан да бар еді. Тарихи тоқырау біздің мемлекетті де бір ширатып алды.

Елбасының тапсырмасы бойынша дағдарысқа қарсы кешенді шаралар жоспары қарастырылған «Жол картасы» бағдарламасы қабылданды. Онда ең бірінші кезекте жұмыссыздық пен қымбатшылыққа тосқауыл қою міндеті көзделді. Әсіресе, жұмыссыздық деңгейін арттырмау Үкіметтің күн тәртібінен түскен жоқ. Өйткені Америка мен Еуропа елдерінде бұл мәселе күрт белең алып кеткен болатын. Биліктің бір қадамы уақытша жұмыс орындарын ашу арқылы жұмыссыздар санын кеміту, осы аралықта индустриялық жобаларды енгізу арқылы жаңа жұмыс орындарын шапшандатып ашу болды.

Сонымен бірге, қаржылық саясатты әлсіретіп алмау үшін екінші деңгейлі банктерге көмек жасалды. Президент шұғыл шешім қабылдап, осы уақытқа дейін жеке-дара қызмет істеп келген мемлекеттік «Қазына» тұрақты даму қоры мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару холдингін бір уысқа жинап, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын құрды. Бұл маңызы зор шешім болды. Жаңа бірлескен ұйым қысқа мерзім ішінде әлсіреп қалған екінші деңгейдегі банктердің басқару пакеті акцияларын иемденіп, сыртқы қарыздарды қайта құрылымдаумен, ішкі «қайтарылмайтын несие» атты ауыр жүкті өз мойнына алумен тікелей айналысып, нәтижесінде жекеменшік қаржы жүйесіне айтарлықтай демеу жасай алды. Кейіннен «Самұрық-Қазынаның» банктерді қолдауы арқылы дағдарыс бастауында қантарылған құрылыстарға жан бітті. Осы 2008 жылғы дағдарысқа күреске 10 миллиард АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінді. Олар – банк секторын тұрақтандыру, құрылыс және үлескерлер мәселесі, шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы, индустриялық бағдарлама. Соның ішінде, мәселен ауыл шаруашылығына 360 миллиард теңге, индустрия саласына 1 миллиард доллар жұмсалды. Бұл салалар осыншама ақшаны ешқашан алып көрген емес еді. Осылайша, бес бағытты қамтыған дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасы экономиканың нақты секторына тікелей көмек көрсетуді көздеді. Бұл әлемдік дағдарыстың салқынына төтеп беруге бірден-бір төте жол болды.

Одан кейінгі қадам дағдарысты ахуалдан жаңа мүмкіндіктер іздеу тұрғысында болды. Қазақстан әлемді шайқаған аласапыран салдарымен күресіп қана қоймай, оған қарсы иммунитеті барын да көрсетті. Жас мемлекет өзінің даму жолында экономикалық құбылыстан жаңғырып шығуға бел байлады. Соның аясында, «Жол картасында» жинақталған тәжірибелер уақытша сипаттан ұзақмерзімді приоритетке айналды. Осы реттен алғанда 2008 жыл Қазақстан үшін сәтті болды деп айтуға болады. Қаржы жүйесі тұрақталды. Дағдарысқа қарамастан елімізге инвестицияның бұрын-соңды болмаған көлемі құйыла бастады. Осы жылы банктердің сыртқы активтері 1,6 млрд доллардан асып, сыртқы қарыздары 6,9 млрд долларға қысқарды. Елдің ішкі жалпы өнімінің көлемі шамамен 135 миллиард АҚШ долларына жетті. Бұл әр адамға, жан басына шаққанда 8 мың 450 доллардан келеді деген сөз. Бұл бұрын қол жетпеген елеулі меже еді. Инфляция деңгейі 10 пайыздан төмен болды. Ал жұмыссыздық 7,6%-дан 6,5%-ға азайды. Түйіндей айтқанда, жаһандық дағдарыстың жаңғырығы жеткен кездегі Қазақстанның антикризистік саясаты ТМД елдерінің ішінде ең тиімді болып саналғанын әлем елдері де мойындайды.

### ЖАҢА МЕРЕКЕ – «АСТАНА КҮНІ»

Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес осы жылы ел тарихында жаңа мереке – «6 шілде – Астана күні» пайда болды. Бұл күннің таңдалып алынуы 1994 жылдың 6 шілдесі күні Қазақстан жоғары кеңесінің ел астанасын Алматыдан Ақмола қаласына көшіру туралы Қаулы қабылдағанымен тікелей байланысты. Ал Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың туған күнімен тұспа-тұс келгені – әрине, қуанышты жайт. Ол астананы көшіру туралы ел көкейінде жүрген нақты шешімді 1997 жылы қабылдады. Осылайша, 1998 жылы 6 мамыр күні Ақмола қаласының аты Астана болып ауысты. 2008 жылы Елбасының сөзімен айтсақ, «Еуразияның әлемге ашылған қақпасына» 10 жыл толған болатын.

Жаңа мереке – «Астана күніне» орай, Қазақстанға Ресей Федерациясының президенті Дмитрий Медведев, Түрік Республикасының президенті Абдулла Гүл, Әзербайжан Республикасының президенті Ильхам Әлиев, Армения Республикасының президенті Серж Саркисян, Тәжікстан Республикасының президенті Эмомали Рахмон, Қырғыз Республикасының президенті Құрманбек Бакиев, Түрікменстан Республикасының президенті Гурбангулы Бердымұхамедов, Грузия президенті Михаил Саакашвили келді. Елбасы елімізге келген шет мемлекеттердің президенттерімен екі жақты кездесу өткізіп, оларға Астана мерейтойына шақыруын қабыл алып, алтын уақыттарын қиып келгендері үшін алғысын айтты.

Осы күні елордадағы «Қазақ елі» монументінің ашылу салтанаты өтті. Идеяның негізгі авторы Елбасы Н.Назарбаев болатын. Монументтің биіктігі – 91 метр. Бұл Тәуелсіздік алған 1991 жылдың символизмдік үлгісі болатын.

«Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады», – деген атадан қалған ұлағатты сөз бар. Тарихын ұлықтамаған, барын бағаламаған жұрттың бағы жанып, жоғы түгенделмейді. Бүгінгідей кең байтақ жері бар, киелі төрі бар қазақ шын мәнінде, жұлдызы жанған бақытты халық. Алайда бұл бақыт бізге оңайлықпен, өздігінен келген жоқ. Қазақ өз тарихында ұлт ретінде талай мәрте жойылып кете жаздады. Тағдырдың талай ащы зары мен тауқыметін тартты. Бүгінгі тәуелсіздікке дейінгі аралықта халқымыздың сан ғасырлық аумалы-төкпелі тағдыры, арманы мен аңсары арпалысқа толы күресі жатыр. Іштей булыққан бұлқынысы мен өкініші, жеңістері мен жеңілістері де жатыр. Бүгінде Алтай мен Атырау, Сыр мен Тобыл арасындағы байтақ өлкеде орын тепкен Қазақстан Республикасы ежелден қалған ұлы істердің, ұлағатты дәстүрлердің, іргелі мемлекеттердің заңды мұрагері болып саналады», – деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ елі» монументін ашу салтанатында.

### «БЕЙЖІҢ – 2008» – ДАҒДАРЫСТАН СЕРПІЛТКЕН ЖАҺАНДЫҚ ДОДА

Осы жылғы әлемдік дағдарысқа қарамастан жоғары деңгейде өткен «Бейжің – 2008» Олимпиадасының бір алауы Алматыдағы «Медеу» спорт кешені арқылы эстафеталық жол тартқан болатын. Олимпиадалық ойындардың басты рәмізін салтанатты табыс ету рәсімін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ашты. Сондай-ақ 8 тамыз күні ҚХР астанасы Бейжіңде өткен XXIX жазғы Олимпиада ойындарының салтанатты ашылуына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі барып қатысты. Төртжылдықтың ең басты спорттық жарысының ресми ашылу салтанатына әлемнің 80-нен астам елінің мемлекет және үкімет басшылары қатысты. Жалпы, Бейжің Олимпиадасына әлемнің 200-ден астам елінен 11 мыңға жуық спортшы қатысты. Олимпиада ойындарында 41 спорттың түрінен 302 медаль жиынтығы сарапқа салынды. Бұл тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы спортшыларымыз қатысып отырған осымен төртінші жазғы олимпиадалық ойындар болатын. «Бейжің –2008» олимпиадалық ойындарында қазақстандық спортшылар спорттың 6 түрінен 13 медаль иеленді.

---

## Мұрат ДӘРІБАЕВ, «Бәйтерек» ҰБХ Басқарушы директоры:

# Аграрлық несие корпорациясы бірыңғай кредиттік ұйымға айналады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бәйтерек» холдингі агроөнеркәсіптік блоктың еншілес компанияларын қайта ұйымдастыру жұмыстарын жалғастырып жатыр. Бұл ретте нәтиже фермерлер үшін қаржыландыруға қолжетімділікті қандай да бір жолмен қиындатпауы тиіс. Бұл жұмыстың қалай өтіп жатқаны туралы холдингтің Басқарушы директоры Мұрат Дәрібаев айтып берді.**



**– Мұрат Аманкелдіұлы, биыл наурыз айында «ҚазАгро» холдингі «Бәйтерек» холдингіне қосылды. Осы бірігу шеңберінде «Бәйтерек» холдингінің компаниялар тобына үш қаржы институты кірді: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ. Бұл – ауыл шаруашылығындағы маңызды даму институттары. «Бәйтерек» холдингінің осы компанияларға қатысты қандай жоспарлары бар?**

– Мемлекет басшысы «Бәйтерек» холдингінің алдына еншілес компаниялардың санын екі есе қысқарту міндетін қойды. Аграрлық секторда жұмыс істейтін компаниялар бойынша шағын бизнеске микрокредит беруді жүзеге асыратын «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ (Қор) «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға (АНК) қосылу жоспарда бар, ол өз кезегінде орта және ірі аграрлық жобаларды, сондай-ақ егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға бағытталған.

Осылайша, АНК бірыңғай салалық кредит беруші ұйым болады. Бұл фермерлерге жеңілдетілген кредит алу үшін әртүрлі жағдайларда қайда жүгіну керек деген сұрақтарды алып тастауға мүмкіндік береді: АНК-ға ма әлде Қорға ма?

Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша республикадағы ең ірі компания «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Бәйтерек» холдингінен АНК-ға еншілес компания ретінде берілетін болады.

АӨК субъектілеріне банктер беретін кредиттерге кепілдік беру жөніндегі Функционал Қордан холдингтің басқа еншілес компаниясы – кәсіпкерлік субъектілері үшін банктік кредиттерге кепілдік беруді жүзеге асыратын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға берілетін болады.

**–Бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру бойынша көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігіне қалай әсер етеді?**

– Бұрынғы «ҚазАгро» холдингінің барлық үш еншілес компаниясы, өзіңіз байқағандай, АӨК субъектілерін ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын қолжетімді кредиттеумен, лизингпен қамтамасыз ету мәселелерінде, шын мәнінде басты рөл атқарады. Компанияларды қайта құру процестері, әрине қаржыландыруға қолжетімділікті қиындатпауы керек.

Біздің мақсатымыз – сабақтастықты қамтамасыз ету, нәтижесінде ол компания клиенттерінің қызметіне әсер етпеуі тиіс.

Біріншіден, еншілес ұйымдарды қайта ұйымдастыру қаржыландырудың қолданыстағы шарттарын қайта қарау қажеттілігіне әкелмейді. Мүмкін, Қор АНК-ға қосылғаннан кейін кредит бағдарламаларын кеңейту фермерге кредит таңдау кезінде бағдарлауды жеңілдету үшін жүзеге асырылады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін сыйақы мөлшерлемесі, кредит беру мерзімі, жеңілдікті кезең және басқа да параметрлер сияқты негізгі шарттар өзгеріссіз қалады.

Екіншіден, қосылу кезінде қаржы қызметтерін көрсету жөніндегі негізгі бизнес-процеске тартылған қордың жұмыс істеп тұрған өндірістік қызметкері АНК-ға ауыстырылатын болады. Бұл құнды тәжірибелі кадрлар. Біз фермерлердің АНК-ға қызмет көрсетуге көшу кезінде олардың ерекшелігін жақсы түсінетін Қордың жұмыс істейтін қызметкерлерімен жұмысты жалғастыруға деген ұмтылысын түсінеміз. Бұдан басқа, бұл компанияларды біріктіру сәтінде Қорға келіп түскен кредит беру өтінімдерін қарау мен кідірістердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бізде компанияларды қайта ұйымдастыру бойынша нақты және дәйекті іс-шаралар мен мерзімдері бар жол карталары бар. «Бәйтерек» холдингі қайта ұйымдастырудың барлық процесін тұрақты бақылауда ұстайды және жалпы үйлестіруді жүзеге асырады.

**– Компанияларды қайта ұйымдастыруды қашан аяқтау жоспарланып отыр?**

– Қайта ұйымдастырудың барлық мәселелері «Бәйтерек» холдингінің құзыретіне жатпайтынын атап өту қажет. Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктерінің жекелеген бұйрықтарына және бірқатар заңдарға өзгерістер енгізу талап етіледі. Нормативтік-құқықтық актілерді уақытылы түзету кезінде қызметкерлерді және кредиттік портфельді аударуды қоса алғанда, компанияларды қайта ұйымдастырудың негізгі процестерін осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

**Ардақ СҰЛТАН**

---

**«Қыс шанаңды жаз сайла» дегенді есте ұстап, алдағы қыста қысылып қалмауды осы бастан ойластырған Алматы облысында 2021-2022 жылғы жылыту маусымына дайындық қызу жүріп жатыр.**

# Жетісу өлкесі жылу маусымына дайын

Жергілікті билік қысқы жылыту маусымына даярлық үшін және құрылымдардың үздіксіз жұмысы мен қысты төтенше жағдайсыз өткізуді қамтамасыз етуге бюджеттен 13,7 млрд теңге қарастырған. Қомақты қаржының 3,3 млрд теңгесі жылумен қамту нысандарын жөндеуге, 10,4 млрд теңгесі отын сатып алуға бөлініпті.

Облыстық Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, жылыту маусымын сапалы өткізу үшін 35 орталық қазандық, 58,2 шақырым жылу желісі, 13,5 мың шақырым электр желісі, 3 101 бірлік трансформаторлық қосалқы станса дайындалып жатыр.

Бюджеттік сала нысандары үшін 26,2 млн литр дизель отынын сатып алуға бюджеттен 5,2 млрд теңге қарастырылған. Қазір бюджеттік мекемелер үшін отын жеткізу жұмыстары басталып та кетіпті.

Энергия өндіруші мекемелер үшін 405,3 мың тонна көмір, 15 мың тонна мазут дайындау жоспарланған. Сол сияқты халықты көмірдің қажетті көлемімен уақытылы қамту жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Жалпы, облыстың көмірге деген қажеттілігі – 1,37 млн тонна. Бүгінге дейін тұрғындарға 202,5 мың тонна көмір сатылып, 94,1 мың тонна көмір қоймаларына түсірілген. Жергілікті әкімдік тұрғындарға көмірді ерте кезден сатып алу туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Облыста қазандықтарды газға ауыстыру, блокты-модульді қазандықтар орнату жұмыстары да жүйелі түрде атқарылып жатыр.

**Болат АБАҒАН,**
*Алматы облысы*



# Қатаң карантин енгізіле ме?

**Тамыз айында елімізде бірқатар өзгеріс енді. Мәселен, барлық өңір қызыл аймаққа өтіп, «қою қызыл аймақ» пайда болды. Мегаполистерде демалыс күндері локдаун енгізілсе, індетпен күресіп жатқан дәрігерлердің үстемеақысы екі есеге қысқарды. 5 өңірде қатаң шектеу шаралары қабылданып, қызмет көрсету саласы жұмысшыларына вакцина алу міндеттелді. Жоғарыдағы өзгерістер қатаң карантин енгізілетінін білдіре ме?**

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

### 5 ҚАЛАДА КҮШЕЙГЕН КАРАНТИН

2 тамыздан бастап Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау мен Қарағанды қаласында карантин күшейді. Бұқаралық, спорттық, отбасылық шаралар өткізуге тыйым салынды. Әрине, Ashyq жобасына қатыспайтын кәсіпорын мен ұйымдардың да қызметі тоқтатылды. Оның үстіне, мемлекеттік органдар, кеңселер, ұлттық компаниялар мен өзге де ұйым қызметкерлерінің 80%-ы қашықтан жұмыс істеуге көшті. Егер жұмысшылардың арасында екпе салдырғандар мен кейінгі үш айда коронавируспен ауырғандар болса, кеңсеге келіп жұмыс істеуіне болады.

Бірқатар ұйымға жоғарыда айтқан Ashyq жобасына қатыспай-ақ карантин күшейген аймақта жұмыс істеуге рұқсат берілгені тағы бар. Мәселен, өнеркәсіптік кәсіпорындар, құрылысшылар, көлік жуу орындары, туристік компаниялар, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік агенттіктері мен тағы басқаларына жеңілдік жасалды. Одан бөлек, қоғамдық тамақтану орындары жеткізу қызметі негізінде жұмысын жалғастырады.

### «ҚОЮ ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТАҒЫ» ЖАҒДАЙ

Карантин шарасы қатаңдаған қалалардың ішінде Алматының жағдайы айтарлықтай қиын. Өйткені мегаполисте стационарлардың 65,6%-ы толған. Сол үшін қала «қою қызыл аймаққа» кірген алғашқы шаһар атанды. Айта кетерлігі, 9 тамыздан бастап стационарларының 70%-ы толған өңірлер «қою қызыл» аймаққа енеді. Алматыдағы эпидемиологиялық жағдай мен жаңа аймақ статусы туралы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалықова баяндап берді.

«Неліктен Алматы «қою қызыл аймаққа» кірді? Ең алдымен бұл – алдын алу шарасы. Тәулік сайын тұрғындар арасында инфекция жұқтыру саны артып келеді. Мысалы, күніне 1200-1500-ден астам жағдай тіркеледі. Ал «қоңыр-қызыл аймақ» статусына келсек, бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес жалғыз критерий белгіленді. Бұл инфекциялық стационардағы төсек-орынның толуымен өлшенеді», – деді ол.

Иә, Алматыдағы емдеу орындарының жағдайына үңілсек, төсек-орындарының толу үлесі 65,6%. Мәлімет бойынша, бөлінген 7 625 орынның 7 045-і толған. Шаһарда барлығы 23 ковид стационары бары белгілі. Мұнда жұмыс істейтін дәрігерлердің жүктемесі көп екені айтпаса да түсінікті. Себебі 5 мыңға жуық емделуші стационарда, тағы 10 мыңнан астамы үй бақылауында тұр. Жалпы, қалада шілде айында 20 мыңға жуық адам вирус жұқтырған.

Шаһардағы ковид ахуалының мүшкіл екенін дәрігер-реаниматологтердің желіге жүктеген видеосы айқындай түскендей. Кадрға мән берсеңіз, қанша адамның өкпені желдету аппаратына қосылғанын байқайсыз. Видеоны түсірген дәрігерлер болса, бұл интернеттегі әдеттегі «үркіту» емес, Алматыдағы шынайы көрініс деп отыр.

Фтизиопульмонология орталығының реаниматолог дәрігері Әбіш Досмұратовтың айтуынша, жансақтау бөліміндегі 30 орынның барлығы толы. Ал науқастардың саны күнделікті өсіп жатыр. Оның үстіне, вакцияланбаған науқастар ауруды ауыр өткізіп жатқаны тағы бар. Сондықтан қаладағы инфекциялық стационарда жұмыс істейтін дәрігерлер тұрғындарды вакцина алуға шақырды. Одан бөлек, ақ халаттылар науқастардың 80%-ға жуығы коронавирустың «дельта» штамын жұқтырғанын баса айтты.

### МӨЛШЕРІ АЗАЙҒАН ҮСТЕМЕАҚЫ

Індетпен күресте дәрігерлердің аянбай күресіп жатқанын бәріміз білеміз. Сол үшін оларға тағайындалған арнайы үстемеақы бар. Алайда 1 тамыздан бастап олардың үстемеақысы екі есеге қысқарады. Тиісінше, қазан айынан бастап мұндай ақы түрі мүлдем төленбейді.

Бұған дейін коронавируспен күрес үшін абзал жандар 212 мыңнан 850 мың теңгеге дейін үстемеақы алатын. Енді 1 тамыз бен 1 қазан аралығында бірінші тәуекел тобында қызмет еткендерге 425 мың теңге төленеді. Сондай-ақ екінші тәуекел тобындағыларға 212 500, үшінші топтағыларға берілетін үстемеақы мөлшері 106 250 теңгеден аспайды. Дегенмен 1 қазаннан бастап үстемеақы беру тоқтағанымен, дәрігерлерді ынталандырудың жаңа ережесі енгізіледі. Яғни, қосымша




ақы алу үшін індетпен бетпе-бет келудің қажеті жоқ. Сондықтан Президент пандемия басталғалы бері төленген үстемеақының уақытша екенін, дәрігерлерді көтермелеудің басқа да мүмкіндігін қарастыру қажетін атап өткен-ді.

### КАРАНТИН ЖАЙЫ НЕ БОЛМАҚ?

Жұрт Алматының бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшиннің мәлімдемесінен кейін секем алып қалды. Себебі елімізде алғаш коронавирус жұқтырған науқастар тіркелетін күнді дөп тапқан маманның аузы дуалы ма дерсіз. Ол бұл жолы 3-4 тамыз күндері жағдай нашарлайтынын, 10-12 тамызда вирус жұқтыру деңгейі шегіне жететінін болжады. Оның айтуынша, реалистік болжам бойынша, тамыз айында 25 мың науқас вирус жұқтырады.

Ал бас санитар дәрігер Ерлан Қиясовтың қаулысында «қызыл-қоңыр аймаққа» енген өңірлерде карантин шарасы күшейетіні ашық жазылған. Оның үстіне, карантин күшейген бес қала жайы бөлек қарастырылған. Егер Бекшин айтқандай бір ғана Алматының өзінде 25 мың адам вирус жұқтыратын болса, елдің «тамыз айынан бастап қатаң карантин енгізіледі екен» дегені шындыққа айналатындай.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға тура қарар болсақ, қатаң карантин шарасы вакцина алғандар мен вирус жұқтырғандар санына тәуелді. Жалпы, инфекцияның таралу ауқымына байланысты болмақ. Сөзімізге дәлел ретінде Білім және ғылым министрлігі қызметкері Жомарт Қарамбаевтың брифингте айтқан сөзін келтірсек болады. Мектепке дейінгі және орта білім комитеті төрағасының орынбасары 1 т оқсанда оқыту форматының қалай өтетіні эпидемиологиялық ахуалға байланысты екенін ашық айтты. Жаңа оқу жылының басталуына бір ай қалғанын ескерсек, сала мамандары да нақты жауап беруге шарасыз. Демек, бір айдың ішінде жағдай қалай өзгеретінін ешкім болжап біле алмайды. Белгілісі, қызмет көрсету саласының жұмысшылары 10 тамызға дейін вакцина алуға міндетті. 1 қыркүйекке дейін вакцинаның екінші компонентін алмаған қызметкері бар компанияға тексеріс жүргізіліп, айыппұл салынады.

# Биржада ойнақтап, от басты

**Үкімет акция саудалайтын қазақстандықтар санын арттырмақ ниетте. Осы орайда қаржылық сауаттандыру, халықтық IPO бағдарламасын жалғастыру көзделіп отыр. Бірақ биржада ойнауға халық дайын ба? Сауат ашу сабақтарында коучтар биржада бір мезетте бар салымнан айырылып қалуға болатынын әрі оны мемлекет те қайтармайтынын түсіндірмеуі ықтимал. Тіпті,құнды қағаздар сатып алған адамдардың өзі жыл сайын салық органына декларация тапсыруы, салық төлеуі керегін білмейді екен.**



Еркебұлан ДҮЙСЕБАЕВ (коллаж)

### ҚОР НАРЫҒЫНА ШҰБЫРҒАН ЖАН КӨП

«Финпром» сарапшыларының байламынша, акциялармен сауда жасайтын адамдар саны Қазақстанда біраз артып келеді.

Құнды қағаздардың орталық депозитарийінің дерегінше, 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша елде бөлшек сауда жасайтын инвесторлардың 176,5 мың сауда шоты тіркелді. Бұл жыл басындағыдан 36,5%-ға артық. Жалпы, 2020 жылға дейін жеке тұлғалардың шот саны бірқалыпты деңгейде сақталып келген. Алайда коронавирустың таралуына байланысты жарияланған төтенше жағдай және карантин шектеулері кезеңінде үйлеріне қамалған жұртшылық акцияларға ынта-ықылас таныта бастады. Бұл саладағы үдемелі өсімге әкелді. 2021 жылы да халықтың құнды қағаздар нарығына деген қызығушылығы күшейе түсті. Бүгінде жұмыс істейтін қазақстандықтардың 2%-ы құнды қағаздар нарығында сауда шотын ашып үлгеріпті. Әрине, бұл басы ғана.

Пандемия кезінде кәсібі тоқыраған шағын және орта бизнес өкілдері де ақша инвестициялаудың баламалы түрлерін іздеді. 2021 жылдың алты айының қорытындысында акциялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың ең үлкен үлесін – 46,7%-ын жеке тұлғалар құрап отыр.

Биржаға қаржы салғысы келетін адамдар санының өсуіне байланысты алаяқтар да қаптады. Сондықтан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі адал емес делдалдарға жолықпау үшін тек сертификатталған қатысушыларға жүгінуге кеңес береді. Қазір Қазақстанда инвестициялық портфельдерді басқарумен айналысатын 19 ғана сертификатталған ұйым бар. Алайда бөлшек инвесторлар арасында солардың бірен-сараны танымал. Қаржылық реттеушінің мәліметінше, биылғы жазда барлық субесепшоттардың 91,1%-ы бар-жоғы 4 депоненттің клиенттеріне тиесілі. Бұлар – Қазпошта, Freedom Finance, Halyk Finance және CAIFC Investment Group.

Қазақстандықтардың биржаға ден қоюына тағы бір тренд ықпал етті: пандемия мен карантин шектеулері қор нарығында жұмыс істейтін компанияларды клиенттермен қарым-қатынастың барлық қырын, бүкіл процесін цифрландыруға итермеледі. Енді акция сатып алу үшін тіпті брокерге қоңырау шалудың қажеті жоқ. Осы іспен шұғылданатын инвестициялық банктер мен компаниялардың ұялы қосымшасын жүктеп алса жеткілікті, сол арқылы екі-үш рет түртіп, жаһандық кез келген алпауыттың акцияларын сатып алуға болады. Брокерлік келісімшарт брокердің ұялы қосымшасын пайдаланып, тұлғаны биометриялық сәйкестендіру арқылы бекітіледі. Бұған қоса, қазақстандықтарға енді үйден шықпай-ақ NYSE/NASDAQ, London Stock Exchange, MCX, SPB Exchange, HKEX, Frankfurt Stock Exchange сияқты әлемдік қор биржаларында акциялар саудасына қатысуға мүмкіндік туды.

Бұған дейін құнды қағаз сатып алу күрделі еді: алдымен брокерге хабарласып, брокерлік шот ашу қажет-тін. Содан кейін компьютер-ноутбугыңызға платформаны орнатып, сертификаттарды жүктеп, логин мен пароль енгізіп, қаптаған рәсімдерден өту қажет болатын.

### ЖЕЛІККЕН ТРЕЙДЕР ЖИНАҚТЫ ҚҰРТАДЫ

Дегенмен акциялар саудасы жеңілдегенімен, бұл осы ойынға қатысушылардың бәрі жеңеді дегенді білдірмейді. Биржаға ақша салып, миллиондарынан айырылып қалғандар бар. Соның бірі – алматылық кәсіпкер Андрей Климов.

«Екі жыл бұрын құнды қағаздарды сатып ала бастағанда алапат майдан даласының ортасынан бір-ақ шыққан ашықауыз жеткіншекке ұқсадым. Apple, Facebook, Google, Тесла секілді әлемдік алпауыттардың акцияларын сатып алып қойсам, бірер жылдан соң олардың құны жүздеген мың долларға қымбаттайды, тіпті немерелеріме бір бөлігін мұраға қалдырамын деп ойладым. Алайда биржа қатты құлағанда көптеген позиция күштеп жабылады екен. Бұдан, әсіресе миноритарийлер зардап шегеді. Салдарынан 3 миллион теңге салымым күйіп кетті», – дейді кәсіпкер.

Содан биржа тосыннан құлағанда, брокер Excess Liquidity-ді ретке келтіру үшін клиенттерінің, соның ішінде Андрейдің құнды қағаздарын нарықтық төмен бағамен жоя салған. Салдарынан 7 мың доллардай шығын тіркелген. Биржада бұл – жиі кездесетін құбылыс.

Брокер Никита Силкиннің айтуынша, биржада трейдерлердің 80-95 пайызы клиенттерінің ақшасын жоғалтады.

«Кейде нарық күрт жоғарылайды, көптеген акция өсіп жатады. Бұл брокерлердің көңіліне желік бітіреді. Олар әбден «қызып алғанда» биржада коррекция басталады. Позициялар оларға пайда емес, тек зиян келтіретін, ең тиімсіз нүктеде күштеп жабылады. Осыдан кейін нарық еңсесін тіктейді де, қайта күш алып, жоғары өрлей жөнеледі. Бірақ бұл көштен әлгі жолаушылар қалыс қалады: олар бар салымынан айырылды, ал қаражаты Америкадағы сақтандырушы хэдж қорлардағы пысық та әбжіл жігіттердің уысында қалды», – дейді Н.Силкин.

### ОЙЫНШЫ ҚАЙТКЕНДЕ САЛЫҚТАН ҚҰТЫЛАДЫ?

Кейбір адам акцияда ұтып, биржадан мол табыс тапсам, брокердің сыйақысынан басқасын басыбайлы иеленем деп ойлайды. Шынында, олай емес. Өзге комиссияларды айтпағанда, мемлекетке салық төлеу қажет болады. Нәтижесінде, табыстан қалған қаржы мардымсыз болып шығуы ықтимал.

Шағын кәсіпкер Жания Қапарова жергілікті биржада бағын сынап көріпті.

«Мен Қазақстан қор биржасында (KASE) акцияларды сатып алып, сатумен айналыстым. Алайда шығынға отырдым. Бірақ сонда да мемкірістер органына 240 нысанындағы есепті тапсыруым керек пе, соны білмеймін. Интернеттен қарап көрдім, қор нарығына қатысушылар декларацияны қандай жағдайда тапсыратыны нақтыланбапты. Қазақстанның не АҚШ-тың қор нарығында сатып алынған акциялар бойынша шығындар мен кірістер қандай қағидамен есептелетіні де белгісіз», – дейді ол.

Қаржы министрлігінің салық жинауға жауапты органы – Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы Әли Алтынбаевтың түсіндіруінше, егер азамат KASE-ден не «Астана» қаржы орталығының биржасынан (AIX) сатып алған акцияларын қайта сату кезінде оның құнының өсуінен пайда тапса, ол жеке табыс салығын төлеуден босатылады. Бірақ ол бәрібір алған табысын мемлекетке жариялап, кірісінің сомасын көрсетіп, «Жеке табыс салығы бойынша декларация» (форма 240.00) тапсыруы тиіс.

«Ал егер құнды қағазды сатудан шығын көрсе, онда ешқандай табысқа қол жеткізбегендіктен, 240.00 декларациясын ұсыну міндеттемесінен босатылады. Бұл ретте табыс пен шығын әрбір акция бойынша жеке есептеледі. Америкадағы қор биржаларында табыс тапқан, акциялар сатып алған азамат та декларация тапсыруы шарт. Жеке табыс салығын азамат өз бетінше есептеп, бюджетке төлеуі керек», – деп түсініктеме берді мемкірістер органы.

Егер азамат шетелдік биржаларда операция жүргізу нәтижесінде табыс тапса, ол келесі жылдың 31 наурызына дейін 10% көлемінде жеке табыс салығын төлеуге және 10 сәуірден кешікпей 240.00 нысанында ЖТС бойынша декларация тапсыруға міндетті.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясына кіретін биржалық ноталарға қатысты мәмілелерден, соның ішінде Tabys мобильді қосымшасы арқылы сатып алынған акциялардан алынған табыс та салық салудан босатылады екен.

Айта кеткен жөн, қазір акциялар саудасын қазақстандық танымал блогерлер жарнамалап жүр. Олар жаһандық алпауыт компаниялардың құнды қағазын сатып алғанын мақтана көрсетеді, соны бедел көреді. Осыған қызыққан көрермендері биржаға «жүгіреді». Әйткенмен, мамандар биржа жаққа аяқ баспас бұрын ең құрығанда құнды қағаздар саудасының «әлқиссасымен» танысып алуға кеңес береді. Қор нарығының қызметі түгіл онда қолданылатын терминдердің нені білдіретінін білмейтін адам майдан ортасында қалған қорғансыз жеткіншекке ұқсап кетуі ғажап емес. Ондай клиентті сертификатталған трейдерлер де алдап соғуға бейім тұрады.

**Елдос СЕНБАЙ**

# Мұңнан арылмаған моноқалалар

**Қазақстанда моноқалалар нарықтық қатынастардың нәтижесінде пайда болған жоқ. Мұндай елді мекендер кеңес заманында жоспарлы түрде қолдан ұйымдастырылды. Одақ құлағанда сонымен бірге жоспарлық экономика да құрдымға кетіп, моноқалаларды мемлекет қазынасынан қаржыландыру тоқтады.**

Дәулет АСАУ

Соның салдарынан шағын шаһарлардың шаруасы шатқаяқтап, тоқырау аймақтарына айналды, әлеуметтік шиеленістер күшейді. Еңбекке жарамды тұрғындарының 20-50%-ы жұмыссыз қалды. Ресми статистика оларды өзін-өзі жұмыспен қамтушы деп атайды, бірақ одан мәселенің мәні өзгере қояр ма екен?!

Еліміз пайдалы қазба кендерге қаншалықты бай, бізде Менделеев кестесіндегі барлық элемент бар деп мақтанғанымызбен, оның да таусылатын күні келеді. Қазірдің өзінде шикізат қорының түгесілуіне байланысты бірқатар моноқаладағы кен өндіретін немесе жергілікті тұрғындардың едәуір бөлігін еңбекпен қамтып отырған бюджетқұраушы ірі кәсіпорындар тоқырауға ұрынып жатыр. Ал ол өз кезегінде жұмыс орындарының жабылуына әкеліп соқтырады.

### ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРЫ САРҚЫЛЫП ЖАТЫР

– Кейінгі жылдары моноқалалар орналасқан көптеген өңірдің кен қорлары сарқылып жатыр. Осыған орай өңірлердегі бюджетқұраушы ірі кәсіпорындар жұмыстарын тоқтатуға немесе шектеуге мәжбүр болған. Ал бұл тұрғындардың айтарлықтай бөлігін жұмыспен қамтып отырған жергілікті жерлердің әлеуметтік ахуалына зор нұқсан келтіреді. Жұмыс тапшы болуына байланысты тұрғындар, әсіресе жастар облыс орталығына немесе ірі мегаполистерге кетуге тырысады. Осылайша, әлеуметтік-экономикалық ахуалдың нашарлауына байланысты халық моноқалалардан көшіп кетіп жатыр, алдағы жылдары бұл үрдіс жалғаса береді, – дейді PaperLab саяси-қолданбалы зерттеу орталығының директоры Серік Бейсембаев.

Бүгінде республика аумағында 27 моноқала бар, соның 16-сы аудандық әкімшілік орталықтары болса, енді бір бөлігі облыстық маңызы бар қалалар санатында. Оларда жалпы жиынтығы 1,53 млн халық тұрып жатыр. Осы шағын шаһарлардың бірқатарының болашағы күмәнді.

Былтыр Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Санжар Жәркешов енді 10-15 жылда елімізде мыс, қорғасын және басқа да сирек металдар тапшылығы туындайтынын айтып дабыл қаққан еді. Әсіресе, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының түрлі-түсті кен өндіруші ірі өнеркәсіптік қалалардың өмір тіршілігіне үлкен қауіп төніп тұр.

С.Жәркешовтың айтуынша, Шығыс Қазақстан өңіріндегі кен орындарында шикізат қорының таусылуына байланысты Юбилейный, Зыряновск, Шемонаиха және басқа да бірнеше кеніш жабылып қалды. Сондай-ақ Жезқазған мыс кеніші, Соколов-Сарыбай тобының темір кеніштері, Риддер-Сокольный полиметалл кеніштері, уран өндіретін, қоңыр көмір өндіретін бірқатар кеніштің қоры таусылуға жақын. 2025-2040 жылға қарай ШҚО-ның Тишинский, Орловск, Малеевск кеніштерінің жұмысы тоқтайды. Мұндай жағдай Жезқазған, Сәтбаев, Риддер қалаларындағы өндіріс орындарының басына да төніп тұр.

### АРҚАЛЫҚТА БОКСИТ ТАУСЫЛДЫ

2021 жылдың ақпан айында «Қазақстан алюминийі» АҚ-тың Қостанай облысының Арқалық қаласында орналасқан кеніштерінде боксит қоры таусылуына байланысты Торғай боксит кен басқармасы (ТБКБ) жұмысын тоқтатты. Әрине, өңірде кен қоры таусылардан күні бұрын хабардар жергілікті билік те, компания басшылығы да бұл жағдайға алдын ала қамданып отырды.

2020 жылғы 1 қаңтарда ТБКБ штатында 681 жұмысшы болған, бұл ERG-ның жалпы жұмысшыларының 1%-ын, Арқалық қаласы тұрғындарының 2,5%-ын құрайды. Жаз ортасында қалада еңбек жәрмеңкесі ұйымдастырылып, мұнда 15 компания жұмыс ұсынған. Нәтижесінде, 84 адам еңбекке орналасты, 123 адам ERG (Евразия тобы) басқа кәсіпорындарына ауысты. Жұмыстан босатылғандар қайта маманданым курстарынан өтіп, өз ісін ашуға ниет еткендер «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқыды. Ал кәсіпорынның активтері жергілікті әкімдік пен кәсіпкерлерге тегін берілетін болды.

«ТБКБ жабу туралы шешім қабылдау бізге оңай болған жоқ. Өйткені бұл кәсіпорын еліміздің алюминий өндірісінің бастауында тұрды. Мұнда 65 жыл бойы боксит өндірілді. Біз 2017 жылдан бері кеніштегі қазба жұмыстарын шектеп, оны жабу бағдарламасын біртіндеп енгізіп келген едік», – дейді Еуразия тобының басқарма төрағасы Серік Шахажанов.

Арқалық қаласының әкімі Қайрат Әбішевтің айтуынша, қазір кәсіорынның қалған жұмысшыларын да еңбекке орналастыру шаралары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар қалада «Еңбек» микрокредит бағдарламасы арқылы жалпы сомасы 53 млн теңге 4 жобасы қолға алынды. 17 адамға «Бастау бизнес» бағдарламасы бойынша өз ісін ашуға 47 млн теңге несие берілді. Екі көпбалалы ана 1 млн теңгенің грантын иеленді. Көпшілік ағайын мал өсіруге біржолата ден қойды.

Әрине, 26 мың тұрғыны бар Арқалық қаласын сауықтыру үшін бұл шаралардың аздық ететіні түсінікті. Сондай-ақ мұндай жайт экономикасы тек шикізатқа байланған, кен өндірумен ғана айналысатын кәсіпорындарға, сол өңірлердегі моноқалалардың бәріне тән.

### ШАҒЫН ШАҺАРЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ

Біздің елімізде моноқалаларды сауықтырудың үш бағыты қолданысқа ие. Бірінші бағыт: кәсіпорындар өндірісінің жұмыс тиімділігін қамтамасыз етуге арналған оңтайландыру шаралары. Бұл бағыт бойынша әрбір моноқаланың экономикалық күш-қуаты, олардың дамуына кері әсер ететін факторлар ескеріліп, жергілікті өңір үшін қажетті жаңа маманданымдар мен кәсіптер анықталады.

Екінші бағыт: моноқалалар халқын еңбекпен қамтудың нәтижелігін арттыру үшін экономиканы әртараптандырып, орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту. Мұнда жергілікті билік индустриялық-инновациялық бағдарамалар аясында 1-3 «зәкірлік» (якорлық) инвестициялық жобаларды таңдап алатын болады.

Үшінші бағыт: моноқалалар халқын әлеуметтік-экономикалық дамуы жоғары өзге елді мекендерге қоныс аударуға ынталандыру. Сондай-ақ қоныс аударушыларды қайта кәсіби даярлау және еңбекке орналастыруға көмек көрсету шаралары қарастырылған.

aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

# Өксікпен өткен өмір



**Бұрын 25 жасқа дейінгі жастар арасында шекара асып, шетелге кетуге құлшыныс танытқандар көп болса, қазір өзге елден жұмыс іздеушілердің қатарында қырықтан асқан кісілердің үлесі де артып келеді. Олардың қатарында білім қуғандарға қарағанда, қара жұмысқа жегіліп, тұрмысын жақсартуға кеткендер көп. Бірақ армандаған айлықтарын бермек түгілі, соқыр тиын ұстатпай, қыздарымызды күң, ұлдарымызды құл қылғандарын күнде естиміз. Өкінішке қарай, өткеннен сабақ алғандар аз.**

Жадыра МҮСІЛІМ

### ТІРІ «ТАУАРДЫ» ТУЫСТАРЫ ТАПҚАН

Былтыр Бахрейнге жоғары жалақы табамын деп барып, басыбайлы күңге айналған 15-26 жас аралығындағы 39 қыз елге қайтарылды. Сұмдығы сол, ертегіге бергісіз өмірді іздеп барғандардың арасында кәмелеттік жасқа толмаған 9 қыз бар. Трансұлттық қылмыстық топ қыздарға тұрмысын түзету үшін, ал кәмелеттік жасқа толмағандарды «басқа қалада оқытамыз» деген сылтаумен ата-анасына сенімхат жаздырып алып, шетелге 5 және 15 мың АҚШ долларына сатып отырған. Алданған ата-аналар балаларын өз беттерінше іздегенімен, қылмыстық топтан үнемі қысым көріп келіпті. Сол үшін де қыздардың өздері ғана емес, ата-аналары да арыз жазуға батылы бармаған. Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Бахрейн Королдігімен Ресей азаматтарынан құралған қылмыстық топ тұрақты түрде жұмыс істеген. Олар өздерінің қылмысын Қазақстанда бастап, Бахрейнде аяқтапты.

Қылмыстық топтың құрдымына түскендердің барлығы Түркістан облысының тұрғындары. Бір қызығы, қыздардың құжаттарын рәсімдеп, шетелге жібергендер жәбірленушілердің жақын туыстары. Олар жақындарының сеніміне кіріп, ұшаққа отырғызып жіберумен айналысса, күтіп алушылар түскен бойда құжаттарын тартып алып, күндікке салған. Қыздардың құжаты, визасы мен билет құны 300 мыңнан бастап 600 мың теңгеге дейін сатып алынған. Осыншама ақшаны ойланбастан бере салған таныстарының «жомарттығы» жас қыздардың жақындарын ойландырмаған. «Барсаң бақыр да жоқ екенін» түсінгенімен, өзге елде барар жері, басар тауы жоқ қыздар қылмыстық топтың айтқанына көніп, айдауымен жүруге мәжбүр болады. Оларды мәжбүрлеп ұстаушылар қатаң кестемен жұмыс істеуге көңгісі келмеген жезөкшелерді аяусыз жазалап, жертөледе аш-жалаңаш жатқызыпты.

Жас қыздарды алдап, құлдыққа жіберіп отырған Саодат есімді айыпталушы 2016 жылдан бастап адам саудасымен айналыса бастаған. Бір қызды шекара асырғаны үшін мың доллардан 15 мың долларға дейін табыс табатынын білген ол қысқа уақыт ішінде Бахрейн және Ресей азаматтарымен бірге қылмыстық бизнестің жоспарын сызған. Сөйтіп, Бахрейндегі нарықтың сұранысын әбден зерттеген олар қыздарды арбап-алдау үшін әрқайсысы жеке-жеке міндет алады. Бірі қыздарды тартумен, екіншісі құжаттарын жасатып, үшіншісі күтіп алушының рөліне енеді. Оңай олжаға қол жеткізуге жәбірленушілердің жақындары бірден келіскен. Себебі оларға да қомақты қаржы берілетіні алдын ала ескертіліп отырған. Топ мүшелері тірі тауарды әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан, жетімдер үйі мен қорғаушысы жоқ қарапайым отбасылардан іздеген. Кейбір қыздарға Саодат шекара сыртында қандай жұмыс күтіп тұрғанын жасырмай айтса, енді бірін тәнін саудалауға мәжбүрлеп көндірген. Мәселен, топ мүшесі Сергей Сузанна есімді қызбен кездесіп жүрген болып үйіне шақырады. Ертесі Сузаннаны ұрлықшы ретінде көрсетіп, полицияға табыстаймын деп қорқытады. Амалы таусылған жас қыз олардың бар айтқанын орындаудан басқа амалы қалмайды.

Бүгінде «Бахрейн ісі» бойынша қылмыстық топтың 19 мүшесі анықталып, 15-і қамауға алынса, үшеуіне халықаралық іздеу жарияланған. Іздеуде жүрген бір күдікті Бахрейн Королдігінде тұтқындалса, былтыр осы қылмыстық топ құрамының төрт мүшесі Бахрейндегі басқа да қылмыстық іс бойынша сол елде сотталған. Қылмыстық жауапкершілікке барлығы 12 әйел мен төрт ер адам тартылған. Оның ішінде Шымкент пен Түркістан облысының, Ресей мен Қырғыз Республикасы, Бахрейн азаматтары бар.

### АДАМ САУДАСЫНЫҢ АРТЫНДА ТҰРҒАН КІМ?

Біраз жыл бұрын көрші елге ақша табуға барып, алты жыл қорлық көрген шымкенттік әпкелі-сіңілі Фатима мен Әлияны да Мәскеуге өзге емес, өз танысы жетектеп апарған. Адам көргісіз қорлық көрген қазақ қыздарын бөтен елде басыбайлы күндікке ұстағандар да өзге емес, өз қазағымыз. Дүкен иесінің үстінен қанша рет арыз жазса да, қылмыстық іс ашылмаған. Амалы таусылған қыздар әлеуметтік желі арқылы заңгер Айгүл Орынбектен көмек сұрапты. «Менімен таныс болған кездің өзінде қыздардың құлдықтан босап шыққанына 5-6 жыл болған екен. Арада көп уақыт өткен. Өз тарапымнан қажетті бүкіл шараны жасадым. Бірақ қылмыстық іс біздің елде болмағандықтан, 11 томдық істі бастан-аяқ орыс тіліне аударып, Ресейге тапсырдық. Сол елдің құқық қорғау қызметкерлері айыппұл салып, дүкенді жапқанын естідім. Алайда біздегі секілді Ресейде де жемқорлық барын ұмытпаған дұрыс. Жалпы, бүкіл елде адам саудасының үштен біріне полиция қызметкері жәрдем береді. Жәбірленуші қыздар сол жердің учаскелік полицейлерінің бастығы дүкен иесіне «қамқорлық» жасап келгенін ашық айтқан», – дейді Айгүл Орынбек.

Қоғамда үлкен резонанс тудырған апалы-сіңілі қыздар мен Бахрейн оқиғасы елдегі өзге қыздарға сабақ болғаны шамалы. Қазір де шетелге сатылып жатқан және құлдық қамытын киген өзге елдегі қаракөздеріміз көп. Көбісі жақын құрбыларына, туыстарына сеніп қалғандар. «Жақында ғана Түркия арқылы Парсы шығанағына құлдыққа кетіп бара жатқан қызды құтқарып қалдық. Жап-жас қызды Түркиядағы құрбысы тігін фабрикасында жұмыс істейміз, айлығың мың доллар болады деп алдап шақырған. Барған кезде қыз анасына аман-есен жеткенін айтып WhatsApp-қа жазған. Анасы хабарлама келген жерді белгілеп алған. Одан кейін хабарсыз кеткен. Қызына хабарласа алмаған соң, анасы бір шикіліктің барын түсініп бізге шықты. Дереу Түркия консулдығынан көмек сұраттық. Абырой болғанда, Парсы шығанағына кеткелі тұрған жерінен Түркия полициясы құрықтады. Ол жерде бірнеше қыз болды. Қазақ қыздарын саудаға салған сыныптас қызы, өзіміздің қаракөз қызымыз», – дейді заңгер.

### ЖЕЛІДЕ ЖӘРДЕМ СҰРАЙТЫНДАР КӨП

Елімізде адам трафигіне қарсы тұру және адам саудасына қарсы күрес бойынша түрлі шаралар қабылданғанына қарамастан, жыл сайын құлдыққа түсетін ондаған мың адамның тек жүздегені ғана ҮЕҰ мен құқық қорғау органдарының қызметі арқасында бостандыққа қол жеткізеді екен. Сол жүздеген жәбірленушінің ішінен оны ғана сотқа жетеді. Себебі мұндай істерде тергеуге тым көп уақыт кетеді әрі кінәлілер әрдайым тиісті жаза ала бермейді. Оның үстіне, құлдықта болғандар қорлық көрсеткен қожайындарынан қатты қорқады. «Шетелдегіні айтпағанда, өз елімізде құлдықта жүргендер көп. Жылдар бойы құлдықтың қамытын киген бір-екі адамға қол ұшымды создым. Бейнежазбасы сақтаулы. Бірақ оны ел-жұртқа көрсетуге өздері келісім берген жоқ. Жуырда тағы бір әйелді қызымен бірге күндікке салған шаруа қожалығы белгілі болды. Анасы мен қызына жылдар бойы зорлық көрсеткен. Олар ешкімге артық ауыз ештеңе айта алмаған. Сыртқа шығуына мүмкіндік болмаған. Үйдің иесі үлкен төбеттерін босатып қояды екен. Бөтен адамдарға жолап қойса, таяқтың астына алған», – дейді Айгүл Орынбек.

Талай жылдан бері физикалық және моралдық тұрғыда қорлық көрген адамға арыз жаздыру өте қиын. Үкімет тарапынан қолға алынған ұйымдарды білетіндер аз. Ондай ұйымдардың құлдықта болған адамдарға қолдау білдіретін уақыттары жоқ. Өйткені статистика мен көрсеткішке жұмыс істеумен-ақ қолдары босамайды. Сондықтан жәбірленушілер көп жағдайда әлеуметтік желідегі көмектесе алады-ау деген адамдарға шығатын көрінеді. Заңгердің айтуынша, құлдықтағы адамдарға қолдау көрсетіп, психологиялық көмек берілсе, халық желіде жәрдем сұрамас еді.

### ҚҰЛДЫҚТА ӨТКЕН 22 ЖЫЛ

Он алты жасында күндікке түскен Мадина Аманбаева қырыққа келгенде құлдық қамытын шешіпті. Өмірінің 22 жылын азаппен өткізген келіншек осы уақытта үш баланы дүниеге әкелген. Жастайынан жетім қалған оны балалар үйінің тәрбиешісі ауылға алдап апарып, шаруашылықтың отымен кіріп күлінен шығуға мәжбүрлепті. Қыста ферманың қарын күреп, су тасып, көң тазаласа, жазда шөп шауып, мал бағып, сиыр сауып, сеператор тартқан. Арқасының сау тамтығы қалмаған келіншектің қызын да қожайындар шашынан сүйреп, қамшымен сабайды екен. Қожайынның бауыры болса кәмелет жасқа толмаған қызын азғындамақ болыпты. Былтыр құлдықтан қашып шыққан шопан ферма иелерінің қатыгездігі жайлы құзырлы органдарға хабарлаған. Соның арқасында ғана бостандыққа шыққан келіншек басындағы жағдайды бүкпесіз жеткізіп, ферма иесінің үстінен арыз жазыпты.

Тоғыз жолдың торабында тұрған елімізде адам саудасы мемлекетаралық және трансұлттық сипатқа ие бола бастады. Соңғы уақытта үкіметтік емес ұйымдардың айтуынша, әлемде рекрутингтік және модельдік агенттіктер жанданды. Ғаламтор бетінде қыздардың «бағын» жандыруға уәде ететін мұндай агенттіктер жетіп артылады. Олардың көбісі соңғы бес жылдан бері қызмет көрсетеді. Қыздардың көбісі Бахрейн Корольдігі, БАӘ, Түркия, Катар, Оңтүстік Кореяға баруға құмар. Бұл елдерге тірі тауарды іздеушілер әдетте кафеде, мейрамханада немесе түнгі клубта жүреді. Ол қыздармен жақынырақ танысып, ақша тола әмиянын көрсетіп, шетелдік өмір туралы сыр шертеді. Осылайша, жаңа «тауарды» уысына түсіреді. Сарапшылардың айтуынша, әлемде екі жарым миллионға жуық адам құл иеленушілердің қолында.

Былтыр адам саудасы, адам органдарын сату, пайдалану мақсатында оны ұрлау және заңсыз бас бостандығынан айыру, жеңгетайлық және притон ұстау фактілері бойынша 111 қылмыстық іс тіркелген. Бас прокуратураның қылмыстық қудалау қызметінің басшысы Серік Шалабаевтың айтуынша, былтырмен салыстырғанда биыл адам саудасы екі есе көп. Сол үшін мамандар құқық қорғау тарапынан жасалатын шаралардан бөлек, адам саудасының құрбаны болмау үшін тұрғындарды жұмыс ұсынған компания туралы құзырлы орындардан біліп, ешқандай құжаттарға қол қоймауға шақырады.

# Сәтсіздіктің себебі неде?

**Биыл Токиодағы XXXII жазғы Олимпиадада қай спорт түрін алсаңыз да, Қазақстан құрамасының оңбай ақсап жатқаны жасырын емес. Күн өткен сайын төртжылдықтың басты додасы аяқталуға таяп келеді. Ал ел қоржынына 3 қола медальдан басқа жүлде түсер емес. Бұл қазақ спортындағы мәселелерді тағы бір пысықтау қажет екенін көрсеткендей.**

Мадияр ТӨЛЕУ

Бұрын-соңды Қазақстан құрамасы Олимпиадаларда мұндай нашар нәтиже көрсеткен емес. Мәселен, Атланта, Сидней, Лондон, Риодағы Олимпиадада 3 алтын медальдан олжалады. Бейжінде ғана 2 алтынға ие болып, 4 күміс пен 7 қола медальды қоса еншіледі. Токиодағы жағдайға ұқсас нашар көрсеткішті бұрын да бір мәрте бастан кештік. 2004 жылы Афина Олимпиадасында құрамамыз ақырғы сәтке дейін алтынсыз келді. Сол жылы Олимпиаданың соңғы жарыс күнінде боксшы Бақтияр Артаев жеңіс тұғырына көтеріліп, елдің Әнұранын Афина төрінде шырқатты. Әйтеуір осылай Қазақстан 1 алтын, 4 күміс, 3 қола еншілеп, жалпы есепте 40-орын алған болатын. Бірақ байқасақ, ең сәтсіз санаған Афина Олимпиадасының өзі Токиодағы нәтиженің қасында тәуір болатын секілді. Қош, спортшыларды айыптай берер ниет жоқ. Бірақ кез келген сәтсіздік пен жеңілістің себебі болуы тиіс. Сол үшін біз бұрын қазақ спортшыларын биікке жеткізген бапкерлермен сөйлесіп, құраманың қай жерден шалыс басқанын білмек болдық.

### БОКСШЫЛАР РЕСЕЙДЕ ЖАТТЫҚПАУЫ КЕРЕК ЕДІ

Кезінде Сидней Олимпиадасының финалына төрт қазақ боксшысын шығарған Қазақстан бокс құрамасының бұрынғы бас бапкері Тұрсынғали Еділов Токиодағы сәтсіздікке бапкерлердің стратегия құруда жаңылғаны себепші болғанын айтады. Даңқты маманмен сөйлескенімізде оның боксшыларға мүлде кінә артқысы келмейтінін байқадық.

– Біздің боксшы жігіттерде кінә жоқ. Олардың әбден сілікпесі шыққан. Бапкерлер жыл бойы оқу-жаттығу жиындарымен зорықтырған. Бір бөлігі АҚШ-та, екіншісі Кубада жүрді. Одан кейін көктемде Ресейге апарды. Жарыс жоқ, тек шет мемлекеттерде жаттығу жиындары өте берген соң балалар шаршаған. Кей кезде маңызы жоқ, керек емес жарыстарға қатыстырды. Азияға не үшін барды? Басты проблема – боксшыларды сезе алмау. Олардың жанын түсіну керек. Шаршап жүрген жоқ па, психолог немесе дәрігерлер көмегіне зәру емес пе? Бәрі бақылауда болуы тиіс еді. Спортшыға үзіліссіз жаттығу істеуге де болмайды. Сырттай айтуға оңай, кеше ғана өздері ұтқандарынан жеңіліп жатты. Боксшыны дұрыс бақыламаса, кеше жасағанын қазір ұмытады. Қорыта айтқанда, жігіттердің әлі біткен. Ал әл жоқ жерде, техника мен жылдамдық өледі, – дейді Тұрсынғали Еділов.

Отандасымыз, бокстан әлем чемпионы Бекзат Нұрдәулетов Токио Олимпиадасының екінші айналымында ресейлік Имам Хатаевтан жеңілгенін білеміз. Биыл сәуірде «Санкт-Петербор Губернаторының кубогі» халықаралық турнирінің финалында осы Хатаевты Бекзат нокдаунға түсіріп, жеңімпаз атанған болатын. Яғни, көктемде Бекзаттың бір соққысына



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (коллаж)

шыдас бермеген ресейлік есесін қайтарды. Спортта мұндай жағдайлар бола береді делік. Дегенмен бізге бапкерлердің бір қателігі айқын көрінген еді. Осы турнирден кейін қазақстандық боксшылар Ресейге оқу-жаттығуға барады. Бір сөзбен айтсақ, тәжірибе алмасып, білгенін үйретіп, білмегенін үйренбекке аттанған. Осы жаттығуларда ресейлік бапкерлердің жетегімен Бекзат пен жаңағы Хатаев бірге дайындалған екен. «Бұл қазақ боксшыларының сырын өзгеге ашып беру емес пе?» деген сауал туындаған. Бұл пікірімізді Тұрсынғали Еділов те құптады.

– Біздің жаттықтырушылар мен Өзбекстан, Тәжікстан бапкерлерінде боксшыларды Ресейге апарып жаттықтыратын бір әдет бар. Бірақ бұлай істеуге болмайтын еді. Мен түсінбеймін, онсыз да тәжірибелі Бекзат Нұрдәулетов пен Василий Левитті көршілерге неге апарды, не үйренсін деп ойлады? Қайталап айтамын, бапкерлер онсыз да тәжірибелі боксшыларды осылай өзге елге тасып шаршатты, – дейді ол.

Дегенмен қазір балаларды боксқа баулумен айналысатын бапкердің Токиодан әлі де үміті бар екен.

– Алтын туралы бірдеңе деу қиын. Қамшыбек Қоңқабаевтан бірдеңе күтпесек болмас. Бағы жанса әлі жүлделі оралар, – деп қорытындылады маман.

*Басты проблема – боксшыларды сезе алмау. Олардың жанын түсіну керек. Шаршап жүрген жоқ па, психолог немесе дәрігерлер көмегіне зәру емес пе? Бәрі бақылауда болуы тиіс еді. Спортшыға үзіліссіз жаттығу істеуге де болмайды.*

### СӘТСІЗДІККЕ МИНИСТР МЕН БАСШЫЛАР ЖАУАП БЕРЕР

Қазақстан ауыр атлеттерін төрткүл дүниеге танытып, алдыңғы олимпиадаларда талай мәрте қоржынымызға жүлде салғызған бапкер Алексей Ниді ешкім ұмыта қоймаған болар. Биыл Токиоға тек екі ауыр атлетіміз барды. Екеуі де жүлде алып, қос қола медальмен оралды. Олар – Игорь Сон мен Зүлфия Чиншанло. Барлық спорт түрі бойынша Қазақстан құрамасының есебінде тұрған 3 қоланың екеуін ауыр атлеттер алғанын ескерсек, ақсамаған осы спорт түрі ғана тәрізді. Қазір бапкерліктен алшақтап кеткен Алексей Ни де осы пікірде екен.

– Қазір мен ауыр атлеттерді жаттықтырмаймын. Бірақ сонда да ел спортшыларына тілекші болып жүремін. Олимпиадаға екі зілтемірші барды, екеуі де қола алды. Бұл – жақсы көрсеткіш. Себебі мен жүлдеге тек Чиншанло ілігеді деп ойладым. Ал Сонға сенбеп едік. Жасы 22-де, қатысып жатқан алғашқы үлкен додасы болатын. Бірақ қола алғанын көргенде қатты қуандым. Жақсы көрсеткіш, – дейді ол.

Сондай-ақ Алексей Ниден биылғы Олимпиададағы сәтсіздіктердің себебін қалай түсінетінін сұраған едік.

– Жалпы, сәтсіздіктерге жауап бере алмаймын. Мен бүкіл ситуацияны көрген жоқпын. Спортшылардың ахуалын білмеймін. Негізі, бұл сұраққа спорт саласына жауапты министр мен басшылар жауап бергені жөн, – деді маман.

Негізі, Токиода Қазақстан құрамасы сенсация жасады. Бірақ жеңісті сенсация емес, жеңілістің көптігімен таңғалдыру болды. Ащы мысқыл болса да, шындығы осы. Мысалы, жуырда Олимпиадаға шолу жасаған Delcotimes.com сайты қазақстандықтардың жеңіліске көп ұшырап, спортшылардың басым бөлігінің жарыспен ерте қош айтысуын түсініксіз жағдайға балаған. Тіпті, боксшылардың сәтсіздігін басты сенсацияға теңепті. «Токиодағы Олимпиада ойындары көптеген күтпеген нәтиже сыйлады. Үздік саналған қазақстандық Василий Левиттің кубалық эмигранттан жеңілуі, әлем чемпионының жарыстан шығуы – басты сенсация. Бапкерлік штаб шәкірттерін дұрыс дайындамаған немесе қате стратегия таңдаған болар. Бұл барлық сарапшыны таңғалдырған нәтиже болды», – деп жазған сайт.

Өкініштісі сол, сәтсіздік дейміз бе, әлде спортшылардың шама-шарқы кем болды ма, ауыр атлетиканы айтпағанда барлық спорт түрінен Қазақстан құрамасы жақсы нәтиже көрсетпеді. Оңбай сүрінді деп осындайда айтсақ керек. Ал спорт мамандары «Қазақстан қоржынына бір алтын жүлдені салар» деп, қалған боксшылардан үмітін әлі де үзбей отыр.

# Жалған паспорт кімге ем?



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

**Қазақстанда коронавирусқа қарсы вакцинаның бірнеше түрін таңдауға мүмкіндік болса да, оны салдыртуға ынталы адам көп емес. Антиваксерлердің де белсеніп жүргенін әлеуметтік желілерден көріп қаламыз. Енді бұл аздай, эпидемиологиялық ахуал күрделене түскенде вакцина құжатын қолдан жасап сату оқиғалары жиілеп бара жатқанға ұқсайды. Жуырда сондай оқиғалар Атырау облысында тіркелді.**

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Індетті тоқтатуға бірден-бір мүмкіндік – вакцина. Дегенмен өте қысқа мерзімде дайындалған вакциналарға деген күмән мен Үкіметтің халыққа түсіндіру жұмыстарының кемшіліктерінен халық өз таңдауын жасауда тығырыққа тірелді. Күмәнді деректерге тіпті білімді адамдардың сенуі, вакцина алуды кейінге қалдыруы халықты таңдау жасай алмайтын жағдайға жеткізді. Мұның ақыры вакцина құжатын сатуды жолға қойып отырғандарға жүгінуге итермелеуде. Өткен айда Алматы мен өзге қалаларда жалған вакцина құжаттары жасалып, eGov.kz ақпарат жүйесіне енгені туралы деректі Денсаулық сақтау министрінің өзі айтқан. Енді оған Атырау қосылып отыр.

Еліміздің бас қалаларында орын алған оқиғалар Атырауды да айналып өтпеді. 31 шілдеде eGov.kz ақпарат жүйесіне нақты егілмеген адамдарды COVID-19 вирусына қарсы вакцина егілді дейтін ақпаратты ақшалай сыйақыға енгізумен айналысқан бір тұрғын ұсталды. Ол қалалық емханалардың бірінде медбике болып жұмыс істейді.

Медицина қызметкерін жедел-іздестіру шаралары барысында жергілікті Полиция департаментінің қызметкерлері әкімдікпен және прокуратурамен бірлесіп ұстады.

Денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Қайсар Абдалиевтың айтуынша, бұл өңірде бірінші рет тіркелген жағдай.

– Бұл – сыбайлас жемқорлық қана емес, халықтың денсаулығына қауіп. Облыс әкімі Махамбет Досмұхамбетовтің тікелей тапсырмасы бойынша, вакциналау құжаттарының қолдан жасалуына жол бермеу бойынша профилактикалық шара жүргізілуде. Өңірдегі барлық егу орындарында бейнебақылау камерасы орнатылған. Сондай -ақ медицина қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – деді Қ.Абдалиев.

Кінәсін толық мойындаған 40 жастағы күдікті жалған ақпарат енгізу үшін 10 мың теңге алғанын айтқан.

– Аталған факті бойынша Қылмыстық кодекстің 206-бабы 1-тармағы («ақпараттық жүйеге қасақана жалған ақпарат енгізу») бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде, – деп хабарлады ПД баспасөз қызметі.

### ҰСТАЛҒАНДАР ЖАЗАҒА ТАРТЫЛҒАНЫМЕН, АЙЫЛЫН ЖЫЙМАЙТЫНДАР ӘЛІ БАР

Кеше Атырауда вакцина алғаны жайлы құжат сатумен айналысқан тағы бірнеше адам ұсталды. Атырау қалалық емханалардың бірінде медбике болып қызмет ететін екі мейірбикенің вакцина алғаны туралы жалған ақпаратты дерекқорға енгізгізіп келгені анықталды. Олар вакцинаның әр кезеңі үшін 50 мың теңгені, яғни екі кезеңі үшін 100 мың теңгені банктік есепшотқа аудартып алып отырған. Ақшасын аударған тұрғындар емханаға еркін келіп вакцина алмай-ақ вакцина паспортын алып жүрген. Атырау облысы Полиция департаменті мен облыстық прокуратура бірлесіп жедел іс-шара жүргізу барысында медбикелердің бірі жалған ақпаратты жүйеге енгізгенін, екінші медбике қитұрқы әрекетке барып, вакцина сұйықтығын адам денесіне салмағанын анықтады.

Қазір аталған екі күдіктіге қатысты Қылмыстық кодекстің 206-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды.

Сондай-ақ медбикелердің нақты қанша тұрғынға жалған вакцина паспортын жасағаны анықталуда.

Атырау облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансері балалар бөлімінің меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер-фтизиатр Марат Шуақбаевтың пікіріне сүйенсек, вакцина алғаны жөніндегі құжатты сату – жиркенішті іс.

«Ол пандемиядан қорғай алатын жалғыз қорғаныш құралымыз – вакцинация идеясын жоққа шығарады. Ұжымдық иммунитет екі жолмен қалыптасады, бірі – халықтың басым бөлігі коронавируспен сырқаттану, екіншісі – вакцина алу. Соңғысы сырқаттанудың алдын алу бағытында болатындықтан, вакцина алғаны туралы жалған құжат жасау өзін ғана емес, қоршаған ортасын қауіпке тігу, оны жасап шығарған ғалымдардың, жалпыға вакцина салып жатқан медицина қызметкерлерінің, өзге де көптеген адамдардың жанқиярлық еңбегін жоққа шығару», – дейді М.Шуақбаев.

Жыл басынан бері полиция вакциналау төлқұжаты мен ПТР-тесті қолдан жасағаны үшін 86 қылмыстық іс қозғады.

### ЖАЛҒАН ҚҰЖАТ АЛУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Бұл оп-оңай екен. Екпе алуды мүлде қаламайтын, ал жұмысы талап ететін кісі амалы жоқтан жалған құжат жасауға келісетін адам табуға тырысады. Сол кезде 5 мың теңгеден 30 мың теңгеге дейінгі сомада екпе алмай-ақ, дерекқорға ол туралы ақпарат енгізуді ұсынатын медқызметкерлер көмекке келеді. Вакцина «алған» адам туралы ақпарат мәліметтер базасына енгізіліп, есеп беру кезінде сәйкес келу үшін вакцина дозасы жойылып отырады.

Вакцина алудан бас тартып отырғандар – барлық санаттағы адамдар. Елдегі жағдайды көре-тұра соның қорғанысы болар вакцинаға деген көзқарасы мүлдем кереғар білімді адамдар да бар. Олардың айтқанына еріп кеткендерде есеп жоқ. Ал жастар жағы келешекте толық зерттелмеген вакцина әсері ұрпағына да, өздерінің денсаулығына да өзгеріс әкеледі деген сенімде.

Жасталап пен Жадыраның үйленгендеріне екі жыл. Сәби сүйе қоймаған екеуі де дәрігерлік тексеруден өтіп жүр.

«Сәби сүюден үміттіміз. Сондықтан денсаулығымызға зиян келтіруі мүмкін деген емдерден бас тартып, барынша сақтанып, үй мен жұмыстан өзге жерге қадам аттап шықпай отырмыз. Елде халықты вакциналау мәжбүрлі болмаған кезде денсаулығына сенімді адамдар вакцина алса, өңіріміз 60 пайызға қорғалған болар еді. Сонда жалған құжат жасау секілді қитұрқылық болмас еді. Вакцинаға деген көзқарастың екіге жарылуы біз секілді жастарды тығырыққа тіреп отыр», – дейді Жасталап Әбдешұлы.

Сайып келгенде, вакцина алғаны туралы жалған құжат жасату Үкіметтің «Елімізде халықтың 70 пайызы вакцина алса, өзгелердің ауру жұқтыруын тоқтата алады» деген үмітін тас-талқан етті деуге негіз бар. Әлемді шарлаған індеттің ұлт таңдамайтынын ескерсек, жалған құжат жасауға келісім беріп, содан пайда тапқандардың көздегені тек ақша ма, жоқ, әлде вакцина алса оның жанама әсерінен өліп не мүгедек болып қаламын деп қорыққан азаматтардың көз жасын көріп аяушылық білдіруі ме, оны сотта білетін боламыз.

Әзірге жұртшылыққа ішкі істер қызметкерлерінің вакцинаның жалған құжатын жасағандар мен жалған вакцинация паспортын қолданушыларға 160 АЕК көлемінде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 160 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 40 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға құқы бар екенін ескерткеннен басқа амал жоқ.

*Атырау облысы*

**Солтүстік Қазақстан облысына «Еңбек» бағдарламасы бойынша оңтүстік өңірден көшіп келген қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындар арасында кикілжің туындады. Ал тұрмыстық деңгейдегі келіспеушілікті әлеуметтік желілердің белсенділері іліп әкетіп, түрлі видео тарай бастаған болатын. Біз мәселенің астарына үңіліп көрдік.**

# Шекіскендерді ақсақалдар татуластырды

Негізі, дау «Еңбек» бағдарламасы арқылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округіне көшіп келген азаматтар мен жергілікті тұрғындардың арасында шыққан. Теріскейге қоныс аударушылардың малы жергілікті тұрғындардың картоп еккен жеріне кіріп кетіп, мұның соңғы дау-дамайға ұласқан. Одан соң оңтүстіктен көшіп келген ағайынның белгілі бір алқаптың шөбін шапқаны жергілікті тұрғындардың шамына тиген көрінеді. Алқап шұрайлы болды ма, әлде біреудің сырттай меншіктеп алған жері ме, кім білсін, әйтеуір жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар тағы да ұрысып қалыпты. Әрі сол күні теміржолшылардың кәсіби мерекесі болғандықтан, Тайынша ауданы Амандық ауылында тұратын теміржолшы Фазыл Кәрімжанов аздап қызып алып, мал иесі – оңтүстіктен қоныс аударған Әбдіқайым Көмекжанды балағаттаған. Тіпті, ауылға қоныс аударған алты отбасыға «келген жерлеріңе кетіңдер» деп қоқан-лоқы жасағаны да белгілі болды. Ол жайлы Telegram-дағы «Терісксйге көш» дейтін топта арнайы видео жарияланды. Кейін бейне Facebook парақшасында тарады.

Облыстық Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, оқиға орнына ауылдық округ әкімі мен учаскелік полиция инспекторы барып, дауласушы тараптарды сабырға шақырған. Әрі ауыл ақсақалдары ер-азаматтарға ақылын айтып, татуластырған көрінеді. Нәтижесінде, тараптар ымыраға келіп, Фазыл Кәрімжанов ауылдасынан кешірім сұрады. Ол өз кінәсін мойындап, тіл тигізгені үшін айыпты екенін, қателік кеткенін айтып ағынан жарылды. Зардап шегуші жанжалдасқан жігіттің 3 баласы бар екенін ескеріп, полицияға арыз жазбайтынын айтты. Дегенмен әлеуметтік желілерде «солтүстіктің халқын өңірге қоныс аударып келген азаматтарға қарсы айдап салушы топтар тұрған жоқ па, сөйтіп мемлекет саясатына саботаж жасауға кіріс履еді ме?» деген мазмұндағы пікірталас өршіп кетті.

**Роза ШӘКЕН,**
*Солтүстік Қазақстан облысы*

**Еліміздің қай қиырын алсақ та тау-тау болып үйілген көңірсіген қоқыстан көз ашпайсың. Мәселен, Ақмола облысында былтыр 1 593 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі анықталған. Арада жыл өтсе де, қордаланған қоқыстың саны әлі азаймай тұр.**

# Ақмолада заңсыз қоқыс полигоны көбейді

Мыңдаған гектарға созылған қоқыс жайын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бірнеше рет қозғап, қайта өңдеу саласын жандандыруды тапсырған. Алайда өңдеу былай тұрсын, полигон ету рұқсат етілмеген жерге де жүздеген тонна қоқыс төгетіндер табылып тұр. Рұқсат етілмеген «полигондардың» өзі елімізде мыңдап саналады. Қоқыс төгу мәдениетіндегі жүгенсіздіктің жолын кесіп, тәртіпке келтіруді Президент Үкіметке шегелеп тапсырған салмағы ауыр жүктің бірі. Ал Үкімет облыстарға пәрмен берген-ді. Алайда Үкімет жүктеген міндет жедел арада шешілуі тиіс болғанымен, облыстарда күрделі жағдайды қалпына келтіру әлі сылбыр. Мәселен, Ақмола облысында былтыр 1 593 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісінің 624-і әлі бар екен. Былтырғыға қарағанда бірталайы жойылғанымен, «қоқыс тауларының» қарасы көп.

«Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық компаниясымен бірлесіп рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтау шаралары жүріп жатыр. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде жыл басынан бері ғарыш түсірілімдерінен 624 рұқсат етілмеген қоқыс орны белгілі болды. Атап айтқанда, Көкшетау қаласында – 147, Степногор қаласында – 51, Зеренді ауданында – 67, Целиноград ауданында – 286, Аршалы ауданында – 13, Аққөл ауданында – 22, Шортанды ауданында – 34 және Біржан сал ауданында 4 қоқыс үйіндісі заңсыз төгілген», – дейді Ақмола облысының Экология департаменті.

Аталған деректер бойынша аудан әкімдіктері де іске кіріскен. Қағаз жүзінде ме, әлде іс жүзінде ме, әйтеуір облысқа өңірден 316 рұқсат етілмеген қоқыс полигоны жойылды деген хабар жетіпті.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
*Ақмола облысы*

Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша «Кедентранссервис» АҚ филиалының жүк ауласында сақталатын контейнерлердің 177 бірлігіне меншік құқығының (тізімдеме тіркеледі) айқындалуына байланысты, Филиал иелену немесе меншік құқығын растайтын құжаттардың негізінде меншік иелерінен талаптарды, немесе контейнерлерге қандай да бір құқықтардың жеке немесе заңды тұлғаларда сақталуынсыз меншік құқығынан бас тарту хабарламаларын қабылдайды. Меншік иелерінің шағымдары келесі мекенжай бойынша қабылданады: 050014, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Северное кольцо көш., 57.

**Контейнерлер тізімдемесі**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| FSCU9625282 | LPIU5861174 | CBHU6280560 | OOLU7348870 | MSCU3688341 | PCHU9115563 |
| TRLU6548809 | MAEU6729086 | ICSU4973400 | TEXU2406370 | TGHU3141360 | HJMU4259796 |
| ARLU6508800 | YMLU3055274 | FCIU2295148 | TCNU2959089 | XHCU2213823 | OOLU7418880 |
| TGHU4087794 | CCLU3361325 | TGHU3856810 | TRSU4183848 | TGHU1287124 | IMTU9055470 |
| PONU1276848 | CLHU3697987 | GESU3381970 | PARU4171023 | PONU0738200 | CAXU9329575 |
| TGHU9129774 | MSKU3664884 | SLSU8014110 | GATU4424963 | WSDU2213896 | PONU7241216 |
| FSCU6735706 | YHLU1382045 | NIDU2208761 | CCLU7019437 | CLHU3061059 | TGHU4660036 |
| BSIU4055230 | SONU2210215 | FCIU4771897 | MSKU2566121 | WSDU2105649 | TGHU2735780 |
| PARU4359828 | WSDU2149903 | WSDU2173026 | TGHU3462782 | TTNU2640010 | TCKU9904890 |
| TEXU5428686 | PONU0600696 | WXSU4119445 | TDTU0621202 | TGHU3693734 | HAHU2015379 |
| TCNU5149040 | BSIU2358310 | APHU4620449 | HCIU2025210 | JCKU9450817 | UXXU2360513 |
| CLHU4132774 | GVCU2144914 | KKFU9039320 | CBHU3733873 | CNIU2450325 | FCIU4066557 |
| INNU2028699 | MSKU3546834 | OOLU8118240 | CLHU3129040 | TRKU6701303 | MAEU6832094 |
| TDRU0503854 | TGHU3738696 | AGSU8803547 | TGHU3332979 | CBHU8277210 | JJLU2082992 |
| PONU3038725 | GATU8508471 | GSTU8620050 | CLHU3823771 | WSCU5188343 | IPXU3240664 |
| GESU2486935 | TRLU4421577 | TGHU4869535 | WSCU6454223 | CBHU6043700 | OEMU2118586 |
| TGHU8413190 | KKFU7703087 | PONU1394497 | CCLU2785580 | WSCU8039957 | EMCU3508013 |
| TGHU3353842 | CBHU1993254 | OOLU9007195 | CBHU3592775 | INBU5150954 | CCLU6605770 |
| TGHU2973411 | SUZU2078560 | APHU4505363 | CRSU9034610 | CAXU904274 | TTNU9872630 |
| YMLU8366440 | LYGU4009185 | IRSU4212777 | PCIU8574113 | GFSU5843682 | CBHU3537968 |
| CBHU6051096 | CCLU2883945 | UXXU4270471 | GEKU8421137 | APMU8051614 | HYLU2998937 |
| HJMU1949118 | WSDU2159394 | TBJU7366363 | TRIO9171223 | KKFU9013259 | TDHU2205233 |
| PCIU4521856 | CBHU3478417 | AACS7139937 | CBHU6061237 | TGHU3671910 | XINU1666918 |
| EOLU7391305 | FCIU2674310 | CBHU6028115 | CAXU9830743 | PONU0859455 | CAXU5801984 |
| CAXU7342523 | CBHU3502154 | CBHU6040321 | WHLU5096182 | SCMU2016347 | RSCU9028716 |
| TTNU4340624 | TGHU3740081 | CBHU8188940 | MEDU8012069 | CNCU4502690 | YMLU9515780 |
| TKRU4260889 | GVCU2146270 | XHOU2293752 | MSCU4502795 | PARU4329504 | KMTU7105806 |
| CMAU716514 | CCLU4737209 | GATU1092443 | KKFU9118782 | CCLU9932790 | WXSU4116127 |
| PHLU2030163 | YMLU8364379 | GVCU2230083 | XINU1446955 | MSKU4070402 | GESU5405120 |
| TCKU2422048 | TGHU3779490 | OOLU7392702 | | | |


# Қуаңшылыққа мал індеті қосылды

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданындағы Мортық ауылында белгісіз індеттен ірі қара қырылып жатыр. Соңғы бір айдың ішінде 13 бұзаудың арам өлгені тіркелді.**

Роза ШӘКЕН



Өлексе бірден өртелгендіктен, ветеринар дәрігерлер сараптама жасап үлгермепті. Бірақ аурудың белгілеріне қарап, бұл эмфизематозды карбункул болуы мүмкін деген жорамал жасап отыр. Мұндай ауру бұл өңірде көптен бері тіркелмеген. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, биылғы қуаңшылыққа мал індеті қосылып, шаруаларды әлекке салды. Ол бірінші кезекте жас малға зардабын тигізетін көрінеді.

Бәрі төрт бұзаудың жоғалып кеткенінен басталған. Малшы Бауыржан Рамазанов Көктерек ауылдық округінің ветеринар дәрігері Ермек Әбіловке бұзаулардың ісініп кеткен өлексесін маңайдағы орманнан тауып алғанын хабарлаған. Содан кейін тексеріске шыққан Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Уәлиханов аудандық аумақтық инспекциясы мен ветеринария басқармасының мамандары табында тағы үш бұзаудың өлгенін көреді. Олардың денелері ыстықтан иістеніп, ісініп кеткен. Бұдан кейін барлық жас малға эмфизематозды карбункулға қарсы екпе егілген. Жалпы, ауылдық округтің ветеринар дәрігеріне 300 басқа арналған екпе беріліп, ол наурыз-сәуір айларында игерілген. Бірақ ол кезде жаңа туған бұзауларға жасына қарай екпе егілмеген көрінеді. Алайда екпеден кейін де бес бұзау өліпті.

Көктерек ауылдық округінің әкімі Қуанышбек Дүйсембаевтың айтуынша, оның үстіне 30-38 градус ыстыққа 2-3 айлық бұзаулар шыдай алмаған. Қырылған малдың арасында әкімнің де бұзаулары бар. «Қазір ауруға шалдыққан ірі қара «бициллин-5» препаратымен емделіп жатыр. Өлген малдың өлексесі өртеліп, орны «Дезол» дезинфекциялық құралымен өңделді. Жағдай бақылауда», – деді әкім Қуанышбек Еркінұлы.

Ветеринарлардың ұсынысына сәйкес, Мортық ауылында ауру таралуының алдын алу мақсатында ескі мал қорымы жабылып, жаңасы ашылды. Аумақтық инспекция мамандары малшылар мен ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Алдын алу жұмыстарының нәтижесі болуы керек, басқа ауылдарға мұндай індет тараған жоқ. Тек көршілес Ақмола облысында 500-ден астам ірі қара індетке шалдығып, он шақтысы қырылды деген мәлімет бар.

*Солтүстік Қазақстан облысы*



# Қасым хан туралы фильмнің түсірілімі аяқталды

**Алматы облысында Ақан Сатаевтың «Ұлы дала таңы» фильмінің түсірілімі аяқталды. Бұл туралы «Қазақфильм» киностудиясы хабарлады.**

«Достар, біз «Ұлы дала таңы» түсірілімін аяқтадық. Біздің команданың әр қатысушысына осы тамаша кезең үшін, баға жетпес тәжірибе үшін, еңбектеріңіз бен кәсіпқойлықтарыңыз үшін алғыс айтқым келеді» деп жазды фильм режиссері Ақан Сатаев желідегі парақшасында.

Қазақ мемлекетінің қалыптасуы туралы тарихи-патриоттық фильм Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен түсірілді.

Фильмде басты рөлдерді Берік Айтжанов, Данияр Оразаев, Ерік Жолжақсынов және Айдос Әбдіқадіров сомдайды. XVI ғасырдағы Қазақ хандығының билеушісі - Қасым ханның жетістіктері баяндалады.

Еске сала кетейік, маусымда Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова бастаған делегация Алматы облысы Қапшағай қаласының маңында орналасқан тарихи фильмінің түсірілім алаңында болған еді.

Кейін «Қазақфильм» киностудиясы Instagram-да XVI ғасырдағы Қасым хан әскері мен Шайбани жауынгерлерінің айқасы туралы көріністі жариялады.

**Мейірім ҚАЙРАТҚЫЗЫ**

# Екеуара бір алтын




**Токио Олимпиадасында жеңіл атлетика, дәлірек айтқанда биікке секіру бойынша екі спортшы алтын медаль алды.**

1912 жылдан бері алғаш рет Олимпиадада жеңіл атлетикадан алтын жүлдені екі спортшы қатар алды. Тарихи оқиға ерлер арасында биікке секіру бойынша тіркелді. Италия атлеті Джанмарко Тамбери мен катарлық Эсса Баршим 2,37 метр биікке секіріп, бірдей нәтиже көрсетті.

Кейіннен төреші спортшыларға қосымша секіру арқылы өзара үздікті анықтауға болатынын айтқан. Бірақ Баршим төрешіге жүгініп, алтынды екеуара бөлісуді сұраған. Ақылдасқан төрешілер тең жағдай деп жариялап, екеуін де Олимпиада ойындарының чемпионы деп атау жөнінде шешім қабылдады. Осылайша, биіктікке секіру секторында 4 жүлдегер анықталды.

**Айбике ЖАНАСЫЛ**

# Суицид жасағандар көбейді

**Биыл Қазақстанда қаңтар-маусым аралығында өзіне қол жұмсағандар саны артты. Бас прокуратураның мәліметінше, 2020 жылы қаңтар-маусымда 1 661 адам өзіне қол жұмсаған болса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 1 942-ге жетіп, 16,9%-ға көбейген.**



2019 жылдың қаңтар-маусымында да суицид жасағандар саны биылғымен шамалас, 1 952 болған.

2021 жылы қаңтар-маусымда өзіне қол жұмсағандардың 77,5%-ы ерлер. Дегенмен 2021 жылы қаңтар-маусымда суицид жасаған әйелдер саны былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 37,4%-ға көбейген.

Сонымен бірге 2021 жылы қаңтар-маусымда 2 336 адам суицид жасамақшы болған. Оның 64,8%-ы ер адам. Статистика бойынша, өзіне қол жұмсағандардың көбі 35-54 жастағы азаматтар екені анықталды.

Бас прокуратураның мәліметінше, биыл қаңтар-маусымда тіркелген суицид фактілерінің тек 3,4%-ына жалғыздық, 2,7%-ына материалдық жағдайлар (қарыз, банкрот), 2,2%-ына ауыр соматика аурулары себеп болған, 30,5%-ының себебі анықталмаған, 60,8%-ы басқа түрлі себептер екені көрсетілген.

**М.ҚАЙРАТҚЫЗЫ**

# Көптің ықыласына бөленген Босқындар құрамасы

**Токиода әлемнің 200 мемлекетінен келген 11 мыңға жуық спортшы спорттың 33 түрінен бақ сынап жатыр. Олардың арасында Босқындар құрамасы да бар. Бастапқыда бұл құраманың жарысқа қатысуына көбі қарсы болғанымен, қазір сол спортшылар Олимпиада ойындарының ажырамас бөлігіне айналды. Тіпті, құраманың әнұраны мен туы да бар. Босқындар құрамасы Жазғы Олимпиадада алғаш рет Рио Олимпиадасында бақ сынады. Бір ерекшелігі, ХОК-тің өзі әр босқынды көрсеткен нәтижесіне қарамастан Олимпиада стипендиясымен қолдап отыр.**

Абылайхан ЖҰМАШ




– Халықаралық олимпиада комитеті босқындар Риода өтетін олимпиада ойындарына қатыса алады деген шешім қабылдады. Олар олимпиада қалашығында тұрады. Біз осы шешім арқылы босқындарға қолдау білдіргіміз келеді. Олимпиадаға қатысатын спортшылардың деңгейінің жоғары болуына байланысты біз команда үлкен болмайды деп ойлап отырмыз. Бәрі дұрыс болса, командада 5-тен 10 адамға дейін болуы мүмкін, –деген Халықаралық олимпиада комитетінің басшысы Томас Бах осы ұтымды шешімі арқылы босқындар мәселесіне әлемнің назарын аудартты.

Дүниежүзінің әр қиырында шашырап жүрген адамдардан жиналған босқындар құрамасы сапында Риода 10 спортшы өнер көрсетсе, бұл жолғы Олимпиадада, яғни Токиоға келген спортшылардың саны үш есеге артқан. 29 спортшыдан құралған топ 12 спорт түрі бойынша бақ сынайды. Халықаралық олимпиада комитеті биылғы додаға қатысуға ұсыныс берген 56 өтінішті қарастырған. Нәтижесінде, Ауғанстан, Венесуэла, Конго Демократиялық Республикасы, Эритрея, Иран, Ирак, Камерун, Конго Республикасы, Сирия, Судан, Оңтүстік Судан спортшыларына жолдама берілді.

– Мен барлық Олимпиада қозғалысының атынан сіздермен жүздесіп, Токиодағы бәсекеге дайындықтарыңызды көруге асық екенімізді білдіргім келеді. Сіздердің өнер көрсетулеріңіз бүкіл әлемге мықтылық пен үміттің белгісі болмақ, – дей келе ХОК басшысы Томас Бах спортшыларға жолдама табыстаған болатын.

Спортшылар жүзу, жеңіл атлетика, бадминтон, бокс, велоспорт, ауыр атлетика, күрес сияқты спорт түрлері бойынша бақ сынайды. Босқындар құрамасында Отанынан саяси, әлеуметтік не өзге себептермен қашуға мәжбүр болған спортшылар қосылған. Мысалы, Иран елінің дзюдошысы Джавад Маджуб нәсілдік қысымға ұшыраған. Ол 2012 жылы Олимпиада ойындарына жолдама алған. Алайда бірінші айналымда Израиль спортшысы Арика Зеевиге қарсы түскендіктен, жарысқа бармады. Бұрыннан келе жатқан екі ел арасындағы саяси және діни қақтығыстардың салдарынан Иран спортшыларына Израиль тұрғындарымен жарысуға тыйым салынған. Спорт министрі Мұхаммед Аббасидің айтуынша, «сионистермен жарыспау – иран халқы мен спортшыларының мақтан тұтатын себебі және құндылығының бірі». Осының салдарынан Джаваданы елінен шығармады. Бұл бір рет болған жағдай емес, бірнеше рет қайталанған соң спортшының шыдамы таусылып, ол Канадаға қоныс аударуға мәжбүр болады.

Ауған қызы Нигара Шахинның басынан кешкен оқиғасы да шытырманға толы. Ол дзюдомен шұғылдану үшін елден кетуді ұйғарған. Өйткені бұл елде қыздарға кез келген дене мүшелері жанасатын спорт түрлерімен айналысуға болмайды. Нигара тәуекелге бел буып, Ресейге қоныс аударады.

Құрамадағы Юсра Мардини Токиода 100 метрге жүзу бойынша өнер көрсетті. Жүлдегерлер қатарынан көрінбесе де, көпшіліктің көзіне түсті. Сириялық қыз 2015 жылдан бастап Германияда тұрады. Аталған додаға 5 жыл дайындалған. Бұл – оның екінші Олимпиадасы. 2016 жылы Рио-де-Жанейродағы Олимпия ойындарында бой көрсеткеннен кейін басылымдар Юсра туралы жаза бастады. Ол БАҚ өкілдеріне өзінің тағдыры туралы бірнеше рет айтып берді.Сириядағы тоқтаусыз соғыстан қашқан спортшы қыз әпкесімен Грекияға жол тартады. Жеті адамға арналған қайыққа 20 жолаушы отырған соң жарты жолда суға бата бастаған. Сонша адамның ішінде тек Юсра мен әпкесі ғана жүзуді білген. Сондықтан олар қайықты 3,5 сағат бойы жағаға шығаруға жәрдемдескен. Сол Юсра Мардини Токио Олимпиадасында эритреялық жеңіл атлет Тахловини Габриесоспен бірге Босқындар құрамасының туын ұстап шығу мәртебесіне ие болды. Сарапшылар бұл Юсраның соңғы Олимпиадасы деп болжам да жасады. Спортшы алдағы уақытта Германия азаматтығын алып, оқуын жалғастырып, спорт мектебін ашуды армандайтынын жеткізді.

Жоғарыда есімі аталған Тахловини Габриэсос кішкене ғана Эритрея елінің марафоншысы. Тахловини өміріне қауіп төнгендіктен, 12 жасында Африканың шығысындағы қаланы тастап қашады. Судан мен Мысырдың шөлін басып өтіп, Израильге дейін жаяу жеткен. Бүгінде Израильде тұратын спортшы жеңіл атлетикамен айналысады. Сондай-ақ құрамада Иранның 5 азаматы бар. Кимия Ализаде таэквондодан 2016 жылғы Олимпия ойындарында қола жүлдегер атанған. Иранда Олимпиада медалін таққан алғашқы әйел.

Бұл құрамадағы спортшылардың басты мақсаты жеңіске жету ғана емес. Олар әлемге өзінің қиын тағдырын көрсету арқылы туған жеріндегі, еліндегі жағдайдан құлағдар еткісі келеді. Осы арқылы жақсы өмірге аяқ басып, босқындар мәселесін шешуге мүмкіндік алғандар да аз емес. Мәселен, Юсра Мардини БҰҰ бағдарламалары аясында босқындар жағдайына қатысты мәселелерді шешуге көмектеседі. Under Armour киімдер брендін таныстырады. Ал Масома Али Зади – Халықаралық спорт басылымдары қауымдастығының тұрақты өкілі. Әзірге ешқайсысы көш бастап, озып шықпаса да, халықаралық аренада бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірін көтеріп жүргеніне қуанышты.

Таяуда Моңғолия азаматтығын алғанға дейін Босқындар құрамасының сапында болған Моллаеи Токио төрінде күміс жүлдегер атанды. 2018 жылғы әлем чемпионы Моллаеи екі жыл бұрын Ираннан қашқан. Айтуынша, Иран одан әлем чемпионатының финалында израильдік Саги Мукимен кездеспес үшін жартылай финалда әдейі жеңілуді талап еткен. Иран Израильді басты жауы санайды. Иран спортшылары жарыстарда Израиль спортшыларымен кездесуден жиі бас тартады.

Моллаеидің Токио татамиіндегі алғашқы белдесуінде қазақстандық Дидар Хамзаны жеңгенін де айта кетейік. 29 жастағы балуан 81 келідегі салмақ дәрежесіндегі белдесудің ақтық айқасында жапониялық Таканори Нагаседен жеңіліп, Олимпиаданың күміс медалін мойнына тақты. Моллаеи Токиодағы үздік көрсеткішінен соң көпшілікке «Анамды, әкемді екі жылдан бері көрмедім. Бұл медалімді біріншіден өзіме, екіншіден отбасыма, ата-анама, үшіншіден мені осы жолда қолдаған барлық жанға арнаймын» деген үндеу жасады.

Токио Олимпиадасында өнер көрсетіп жатқан Босқындар құрамасының жігерлі спортшыларының жер бетіндегі өзге де босқындарға ерекше күш-жігер сыйлап, көпке үлгі болып жүргеніне бүгінде барша әлем жұртшылығы куә болуда. Бұл жандарды қайтпас қайсарлықтың жарқын үлгісі десе де болатындай.

# Австралияға жол бердік

**Токио Олимпиадасында су добынан Қазақстан құрамасы Австралиядан жеңіліп қалды.**

Ел құрамасы Австралия спортшыларына 7:15 есебімен жол берді. Бұдан бұрын олар Хорватиядан 7:23, Сербиядан 5:19, Испаниядан 4:16 және Черногориядан 12:19 есебімен жеңілген-ді. Осылайша, В тобында сынға түскен Қазақстан құрамасы қарсыластарының бәрінен жеңіліп, өз тобында 5- орынға табан тіреді.

Ал В тобында Испания, Хорватия, Сербия және Черногория құрамалары ширек финалға жолдама алды. А тобына келсек, Грекия, Италия, Венгрия, АҚШ құрамалары келесі кезеңге өтті.

Су добынан ширек финал 4 тамызда өтсе, жартылай финал 6 тамызға белгіленген. Ал 8 тамызда финал мен 3-орын үшін тартыс басталады.

Айта кетерлігі, Қазақстан құрамасы су добынан Олимпиадаға төртінші мәрте қатысып отыр. 2000 жылы олар жалпы командалық есепте тоғызыншы орын алған еді. Әзірге бұл құраманың ең нәтижелі көрсеткіші.

**А. АЙДАРҚЫЗЫ**



NM NUR MEDIA
AIQYN

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

**Амангелді ҚҰРМЕТ –**
Бас редактордың
бірінші орынбасары

**Гүлзина БЕКТАС –**
шығарушы редактор

**Асқар БЕК –**
веб-сайт редакторы

**Елдар ҚАБА –**
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –**
Ақмола облысы
**Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ –**
Атырау облысы
**Саятхан САТЫЛҒАН –**
Жамбыл облысы
**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –**
Қарағанды облысы
**Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ –**
Қызылорда облысы
**Назгүл НАЗАРБЕК –**
Шымкент қаласы
**Роза ШӘКЕН –**
Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@liter.kz
reklama@liter.kz
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@liter.kz
bekkozhayeva@liter.kz

**Газет аптасына 4 рет шығады**

**Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді**

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №3970**
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
**e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru**

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Айзат АЙДАРҚЫЗЫ